Вариативтік бөлім компоненттерінің сағаттары бастауыш сыныптан бастап бірізділік, үздіксіздік принциптеріне сүйене отырып және «2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хатты басшылыққа ала отырып жұмыс оқу жоспарына енгізілді.

Жұмыс оқу жоспарында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес оқыту қазақ

тілінде жүретін жаңартылған білім берудің үлгілік оқу жоспарларына негізделген инварианттық компоненті толық сақталған.

Жұмыс оқу жоспарында оқушылардың талап-тілектері, мектептің материалдық-техникалық базасы, мұғалімдердің кәсіби және шығармашылық мүмкіндіктері толық ескерілген.

Сабақ кестелері:

<https://cloud.mail.ru/public/pFEE/QXufr9xiX>

<https://cloud.mail.ru/public/fMQE/bYT1WxfMm>

<https://cloud.mail.ru/public/UjrP/HSQ5T8V3j>

Сабақ кестесі мектептің бекітілген оқу жұмыс жоспарына сай құрылып, бекітіледі және "Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 18 мамырдағы № 207 бұйрығы, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің бұйрығымен № ҚР ДСМ-76 5 тамыз 2021 жыл бекітілген «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларына сәйкес жасалды. Сабақ кестесінде оқу сабақтарының күнделікті саны, ұзақтығы және реті көрсетіледі және білім алушылар мен тәрбиеленушілердің тамақтануы мен белсенді демалуы үшін ұзақтығы жеткілікті үзілістерді көздейді. Апталық оқу жүктемесі нормадан аспауында қағиданың 3-қосымшасы ескерілді. Бір күн және бір аптаның ішіндегі оқушының ақыл-ой еңбегіне қабілеттілік серпіні ескеріліп, пәндердің қиындығы бойынша саралауда ереженің 4-қосымшасы ескерілді, 5- тарау 73- тармағындағы бастауыш сыныптарда қосарланған сабақтар қойылған жоқ. Бір күн және бір аптаның ішіндегі оқушының ақыл-ой еңбегіне қабілеттілік серпіні ескерілді. 74- тармақ бойынша сабақ кестесі міндетті және факультативтік курстар үшін жеке жасалды. Факультативтік сабақтар міндетті сабақтар саны аз күнге қойылуы ескерілді. Сабақ кестесі ата-аналар комитетімен келісілді (72-тармақ) .74- тармақтағы оқу жиынының салмағы 1-3 сыныптар үшін 1,5-2,0 кг, 4-5 сыныптар үшін 2,0-2,5 кг, 6-7 сыныптар үшін 3,0-3,5 кг, 8-11 сыныптар үшін 4,0-4,5 кг-нан аспауы ескерілді. Мектепалды даярлық сыныптары үшін 76 - тарау басшылыққа алынды. Сабақ кестесіндегі үзілістерді, екі ауысым арасындағы уақытты қоюда 75-тармақ ескерілді: бір үлкен үзілістің орнына екінші және төртінші сабақтан кейін 15 минуттан екі үзіліс жасалды. Сонымен қатар әрбір сыныптар бойынша үй тапсырмасының көлемінің талапқа сәйкестілігі ескеріліп, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2017 жылғы 24 сәуірдегі №132 бұйрығымен бекітілген «Орта білім беру ұйымдарында үй тапсырмасын ұйымдастыру және орындау жөніндегі әдістемелік ұсынымдары» басшылыққа алынды.

2021-2022 оқу жылынан 2023-2024 оқу жылына дейін сабақ кестелері «Bilimal» электрондық журналында бар. Бірақ, 2021-2022 оқу жылының «Bilimal» электрондық журналындағы 5-6 сыныптардағы сабақ кестесі дұрыс сақталмағандығы, мектептің интернет желісінің төмендігіне байланысты екі рет сақтау функциясын қолданып жібергендігінен және мектеп

директорының оқу жұмысы жөнінен орынбасары Ж.Нуржанованың өз лауазымдық міндетін дұрыс орындамағандығынан кеткен кемшілік болып табылады. «Тәртіптік жаза туралы» бұйрық № 27 .21.01.2022. Аталған жұмыстар мектепшілік бақылауға алынып, жоспарлы саралау жұмыстары жүргізілді, нәтижесінде 2023/2024 оқу жылында толық кемшіліктер оқу жылдарында мұндай қателіктер болған жоқ.

4.2. Жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылатын оқу пәндерінің базалық мазмұнын игерту.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 03.04.2013 жылғы №115 бұйрығымен бекітілген жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына (бұдан әрі – ЖББ үлгілік оқу бағдарламалары) сәйкес жүзеге асырылатын оқу пәндерінің базалық мазмұнын игеру өлшемшарттары бойынша жұмыс оқу жоспарындағы инвариантты компонент пәндері бойынша бағдарламаның орындалысы әр оқу жылы басталарда әдістемелік пән бірлестіктерінде оқыту бағдарламаларына сай ҰМЖ талданып, әдістемелік кеңесте мақұлданып, мектеп директорымен бекітіліп «Bilimal» автоматтандырылған басқару жүйесінің электронды журналына ендіріледі, үлгілік бағдарламада белгіленген оқу мақсаттарының орындалысы, білімнің стандарт талаптарына сәйкестілігі, апталық, тоқсандық, жылдық бағдарламаның орындалысы жыл ішінде мектепшілік бақылауда 4 рет қаралып, сараланып отырады, оқу тоқсаны сайын пән мұғалімдерінің күнтізбелік-тақырыптық жоспарлары, ай сайын электронды сынып журналдары қаралады. Нәтижесінде әр оқу пәні бойынша күнтізбелік-тақырыптық жоспарларының үлгілік оқу бағдарламаларының мазмұнына сәйкес жасалғаны және жоспарланған барлық тақырыптардың сабақ кестесіне сәйкес өткізілгені және орындалғаны анықталды. Яғни, ҚР Оқу-ағарту министрінің 03.08.2022 жылғы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» №348 бұйрығына 2-қосымшасының 12, 13, 14, 16, 18, 20, 22, 24-тармақтары (Бастауыш білім берудің жалпыға міндетті стандарты), 3-қосымшасының 25, 27, 30, 32, 35, 37-тармақтары (Негізгі орта білім берудің жалпыға міндетті стандарты), 4-қосымшасының 23, 28-тармақтары (Жалпы орта білім берудің жалпыға міндетті стандарты) талаптары орындалып тұр.

2021-2022 оқу жылы Білімал электронды журналында «Жалпы орта білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары бойынша сағат сандарында 1,2,3- сағатқа кем орындалған. Себебі, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2022 жылғы 03 қаңтардағы №3 бұйрығына және Қарқаралы ауданының білім бөлімі ММ –інің 2022жылғы 10.01 қаңтар күнгі «Білім беру ұйымдарының кейбір мәселелері туралы» № 01/НҚ бұйрығы бойынша ІІІ тоқсан сабағы 17.01 күні басталған. Каникул 1 апта ұзартылғандықтан бағдарлама орындалысы 1 аптаға кем орындалған. Бұл сабақтар сол оқу жылындағы жазғы мектепте оқытылып, білім алушылар біліміндегі олқылықтар толықтырылған.

2021-2022 оқу жылында білімал электронды журналында Географиядан - III тоқсанда 09.02.2021 (11 сынып); 02.02.2021 (7 сынып); 24.01.2021 (8 сынып) және 2 тоқсанда 28.01 және 04.02 күндері (9-сынып) БЖБ балдары қойылмаған.

2022-2023 оқу жылы Қазақ тілі 10 сынып 37 (+1)сағат артық, Қазақ әдебиеті 10 сынып 85 (+1)сағат, Қазақ тілі 8 сынып 78 (+6) артық сағат, Қазақ әдебиеті 8 сынып 107 (-1)-1 сағат, Қазақ әдебиеті 11 сынып 69 (-3) сағат орындалмаған, қазақ тілі - IV тоқсанда 24.04 (11 сынып); қазақ әдебиеті - 11.05 (11 сынып); II тоқсанда физика - 15.11 (11 сынып); 24.01.2021 (8 сынып) және биология 14.11 (10- сынып) және 16.11 күндері (9-сынып) БЖБ балдары қойылмаған, мұғалімнің журнал толтырудағы біліктілік күзиреттілігінің төмендігінен, мектепшілік бақылаудың жеткіліксіздігінен, жауапты тұлғаның лауазымдық жауапкершілігінің аздығынан болған. Аталған кемшіліктер бойынша мақсатты жұмыстар жасалып, әр мұғалімнің нормативтік құжаттармен жұмыс жасау күзиреттіліктері бақылауға алынды. Бұл кемшіліктер келесі 2023/2024 оқу жылында жойылған.

2023-2024 оқу жылында барлық пәндер бойынша оқу бағдарламаларының мазмұны МЖМБС-ның жалпы талаптарына сәйкес келеді. 1-11 сыныптардағы ҰМЖ жаңартылған білім беру мазмұнының бағдарламаларына сәйкес келеді. Оқу білім мазмұны оқу мақсаттарына сәйкес болуын қамтамасыз ету пән мұғалімдерінің оқу процесінде жүзеге асырылады, сондықтан үнемі қадағаланады. ТЖБ саны талапқа сай орындалған

4.3. Білім алушылардың субъективті жаңа білімді меңгеруге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған тәрбие жұмысын іске асыруда ҚР Оқу-ағарту министрінің 03.08.2022 жылғы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» №348 бұйрығына 2-қосымшасының 5-тармағы (Бастауыш білім берудің жалпыға міндетті стандарты), 3-қосымшасының 7, 12, 17 - тармақтары (Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты), 4-қосымшасының 4, 6 - тармағы (Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты) талаптарын орындаудамыз.

2021/2022 оқу жылындағы тәрбие жұмысының жоспары

<https://cloud.mail.ru/public/WBL4/av3NqQyyp>

2022/2023 оқу жылындағы тәрбие жұмысының жоспары

<https://cloud.mail.ru/public/Nctw/DmaGGuiVK>

2023/2024 оқу жылындағы тәрбие жұмысының жоспары

<https://cloud.mail.ru/public/UUPP/ei8U1c8zP>

2021/2022 оқу жылындағы тәрбие жұмысының талдауы

<https://cloud.mail.ru/public/NTcr/rMNLxqmRb>

2022/2023 оқу жылындағы тәрбие жұмысының талдауы

<https://cloud.mail.ru/public/dYtn/JkDWKsKFS>

2023/2024 оқу жылындағы тәрбие жұмысының талдауы

<https://cloud.mail.ru/public/CrZV/EmUPHCfWq>

13/1-қосымша

<https://cloud.mail.ru/public/GQHx/C3wiMbvat>

<https://cloud.mail.ru/public/Dnmk/GiwjP4Xz9>

<https://cloud.mail.ru/public/PjxC/Tr2zLXj9D>

<https://cloud.mail.ru/public/7hFj/gzUikJcMT>

<https://cloud.mail.ru/public/fDV4/8eXKDE2A1>

<https://cloud.mail.ru/public/urbr/3mZa9Rynz>

қосымша білім беру жоспарлары

<https://cloud.mail.ru/public/L5DL/hueEfj3Lc>

<https://cloud.mail.ru/public/fzyS/4g6Wk7PJU>

<https://cloud.mail.ru/public/yZzE/2DRyaBi6A>

Мектептің тәрбие жұмысы әр оқу жылында өзінің проблемалық- бағдарлы талдауы бойынша мақсат-міндеттерін айқындай отырып жұмыс жасайды. Мектептің оқу-тәрбие жұмысын жүргізуде төмендегі мемлекеттік нормативтік актілерде белгіленген нормативтік-құқықтық құжаттарды басшылыққа алып жұмыс жасайды:

- Қазақстан Республикасының Конституциясы;
- ҚР 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-ІІІ «Білім туралы» заңы
- «Бала құқығы туралы» БҰҰ Конвенциясы;
- «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» ҚР Заңы 2002 жылғы 8 тамыздағы №345;
- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты;
- «Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;
- «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» ҚР Кодексі 2011 жылғы 26 желтоқсандағы №518-ІҮ
- 2030 жылға дейінгі ҚР отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасы;
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығы;
- «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» ҚР Заңы 2009 жылғы 4 желтоқсандағы №214- ІҮ;
- Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы ҚР 2004 жылғы 9 шілдесіндегі №591 заңы;
- ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасы;

- «Рухани жаңғыру бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерін қабылдау туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығы;
- «Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» ҚР Заңы 2018 жылғы 02 шілде;
- «Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» Қ.Р 2018 жылғы 02 шілдедегі №169-ҮІ
- «2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқаулық;
- «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру бойынша Мемлекеттік құзырлы органдармен бірлескен 2023-2024 оқу жылына арналған кешенді жоспар 2023 жыл 19.09 № 294

Әр оқу жылы басында нормативтік-жоспарлау құжаттары жинақталып, жұмыс барысында пайдаланылады. Сонымен қатар кәметке толмағандардың құқық бұзушылықтарының алдын алу туралы Ереже, сынып жетекшілерінің әдістемелік бірлестігі туралы Ереже, оқушылардың өзін-өзі басқаруы туралы ереже, психологиялық қызмет туралы және әлеуметтік – психологиялық қызмет туралы ереже, кәсіптік бағдар беру қызметінің жұмысы туралы ережелер басшылыққа алынып жұмыстар жүргізілді.

Ата-аналар жиналыстарының, кәметке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу жөніндегі кеңестердің, сынып жетекшілердің әдістемелік бірлестігінің отырыстарын өткізу кестелері әзірленіп, бекітілді.

Тәрбие жұмысын жоспарлау кезінде Қ.Р Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығы басшылыққа алынды.

Сынып жетекшілер мектеп жоспары мен оқушылардың қызығушылықтары мен мұғалімнің мүмкіндіктеріне сәйкес жұмыс жоспарын жасады. Жоспарға жалпы мектепшілік іс-шаралар, сыныптың дәстүрлі іс-шаралары, сынып сағаттары енгізілді. Мектептегі тәрбие жұмыстарының жай-күйі мен нәтижелілігіне және тәрбие жұмыстары саласындағы жұмыстар тексеріліп, анықтамалары жазылып отырды.

Мектепте оқу-тәрбие жұмысының белгілі бір жүйесі ұйымдастырылған. Оның құрылымына директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілердің әдістемелік бірлестігі, кітапханашы, педагог-психолог, әлеуметтік педагог кіреді. Мектептің тәрбие жүйесі оқу-тәрбие іс-әрекетін жүйелі ұйымдастыруға және дамытуға бағытталған. Педагогикалық процестің маңызды құрамдас бөлігі тұлғалық-бағдарлы білім беру болып табылады, онда мектеп білім алушыларының тұлғалық қасиеттері мен өзіндік дамуы жүзеге асады. Жұмыстар бірнеше негізгі бағыттар бойынша жүргізілді.

- Құқық бұзушылықтың алдын алу;
- Аудодеструктивті және суицидтік мінез-құлықтың алдын алу;
- Жобалық іс-шаралар өткізу;
- Кәсіптік бағдар беру жұмысы;

- Білім алушыларға әлеуметтік-психологиялық көмек көрсету.
Мектеп директорының бұйрығымен әр сыныпқа сынып жетекшілер бекітілген, әр оқу жылына арналған тәрбие жұмысының жоспарлары жүйелі жасалады.

Оқу жылының басында сынып жетекшілердің білім алушылармен жүргізетін жұмыстары мектептегі тәрбие жұмысының кешенді-мақсатты бағдарламасымен сәйкестендіріліп жасалды.

Рухани байлықты, моральдық тазалықты, бәсекеге қабілеттілікті, дене бітімін жетілдіруді және ХХІ ғасырдың өмірін қалыптастыруға қабілетті жан-жақты, үйлесімді тұлға қалыптастыру мақсатында тәрбие жұмыстары 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдары «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздеріне сәйкес 8 негізгі бағыт бойынша жұмыс жасады.

1. Қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие.
2. Рухани-адамгершілік тәрбие
3. Ұлттық тәрбие
4. Отбасылық тәрбие
5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие
6. Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие
7. Зияткерлік тәрбие, ақпаратты мәдениетті тәрбиелеу
8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты.

1.Қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие

Мақсаты- білімалушылар мен жастардың патриоттық сана-сезімі мен өзіндік сана-сезімін қалыптастыру. Қазақстан Республикасының Конституциясына, мемлекеттік рәміздерге құрметпен қарауға тәрбиелеу, құқықтық мәдениетті қалыптастыру, олардың құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарас қалыптастыру.

Білімалушылардың саяси білімін шыңдай отырып, бейбітшілік, отан, достық туралы сөз ету, діннің зиянды бағыттарынан сақтандыру, еліміздің Заңдары мен тәртіп ережелерін сыйлау, орындау, материалдық және рухани байлықты пайдалануға, адал еңбекке, бауырмалдыққа, ізгілікке тәрбиелеу барысында құқықтық тәрбие мен құқық бұзушылықтың алдын алу жұмыстарынан бастап жұмыс жоспарына енгізілген.

Алғашқы Білім сабағы 2-11 сыныптарда Қазақстан Республикасының 30 жылдығына арналған «Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және Отаншылдық» тақырыбында республикалық сынып сағаттары өткізілді.

Қыркүйек айында «Мектеп жарғысы, оқушының мінез-құлық ережелері» тақырыбында сынып сағаттары мен Қ.Р Конституция күніне орай диспут өткізілді. Сонымен қатар өзіндік сана-сезімін қалыптастыруда өткен «Даналық, ізгілік және құрмет» тақырыбындағы тренингі білім алушылардың бойында патриоттық сезімді қалыптастыруда ерекше ой салды.

Қазақстан Республикасының рәміздерін құрметтеу, қастерлеу мақсатында «Мемлекеттік рәміздерді құрметтейік!» тақырыбында әңгіме, өнеге сағаттары өткізіліп, оқушы, мұғалім, ата-аналардан тест алынып, саяси сауаттылықтары анықталды.

Президентіміз Қ.К.Тоқаевтың Қазақстан халқына жолдаған Жолдауын оқушылар талдап, өз ой-пікірлерін ортаға салды.

Кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтың алдын алуға байланысты 8-11 сынып білім алушылары арасында жұмыстар жасөспірімдерді жаман қылықтардан бойын аулақ ұстауға, суицидтік іс-әрекетке бармауына орай жағдаяттар бойынша мысалдар келтіре отырып жүргізілді. Нәтижесінде мектепте жыл ішінде құқық бұзушылық болған жоқ.

«ҚР Бала құқықтары туралы» Заңын басшылыққа ала отырып, оның тарау- баптарымен жылда таныстырылып отырады.

Балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың және қатыгез қараудың алдын алу мақсатында тұрмыстық зорлық- профилактикасы туралы ҚР 2009 жылғы 4 желтоқсандағы 214-ІҮ Заңын басшылыққа ала отырып, нормативтік-құқықтық құжаттар дайындалды. Барлық сынып оқушылары арасында сынып сағаттары өткізілді.

«Қылмыстық және әкімшілік құқық бұзушылықтар үшін жауапкершілік» және «Құқықтық сауаттылық- заман талабы» тақырыбында жүргізілген профилактикалық әңгіме сағаттары мен тәрбие сағаттары 2-11 сынып оқушылары арасында жүргізіліп, өз іс-әрекеті үшін жауапкершілік, жеке тұлғаны сезіну, қоғамдық тану қажеттілігі туралы сезімдерінің қалыптасуына ой салды.

Құқықтық тәрбие беру төмендегідей бағыттар бойынша жүргізілді.

1. Кәмелетке толмаған жасөспірімдермен жұмыс
2. Педагогикалық ұжыммен жұмыс
3. Ата-анамен жұмыс
4. Психологпен жұмыс
5. Құқық қорғау ұйымдарымен жұмыс
6. Салауатты өмір салты есірткіге қарсы күрес бағытындағы атқарылатын іс-шаралар.

Жүргізілген «Адал ұрпақ» кеңесінің жұмыстары талапқа сай болды.. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бағыты бойынша «Адал ұрпақ» клуб кеңесі жұмыс жасады.

Бұл жұмыстың мақсаты- ұрпақтың бойында адалдық, парасаттылық, әділдік, сенім құндылықтарын сіңіруге және жас ұрпақтың рухани болмысын бекітіп, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру.

Білім алушыларды жемқорлыққа қарсы ойлау жүйесін қалыптастыруда «Мен сыбайлас жемқорлыққа қарсымын!», «Біз сыбайлас жемқорлықсыз әлем үшін», «Адал және сатылмайтын еңбек бейнесі», «Саналы ұрпақ- жарқын болашақ» тақырыбында жүргізілген жұмыстар да олардың патриоттық сана-сезімі мен өзіндік ойларын қалыптастыруда тағлымдық мәні зор болды. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға байланысты жүргізілген барлық жұмыстар ай сайын әлеуметтік желіге жүктеліп отырды.

Сонымен қатар «Бала құқығы туралы» БҰҰ Конвенциясы, Қ.Р Конституциясы, «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» ҚР Кодексі 2011 жылғы 26 желтоқсандағы №518-ІҮ сыныптарда талданып, түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

2. Рухани-адамгершілік тәрбие

Мақсаты - жеке тұлғаның рухани-адамгершілік және этикалық принциптерін оның адамгершілік қасиеттері мен көзқарастарын қайта құру туралы қазақстандық қоғам өмірінің жалпыадамзаттық құндылықтарына, нормалары мен дәстүрлеріне сәйкес келетін «Рухани жаңғырудың» құндылық негіздері туралы түсінік қалыптастыру, «өзін-өзі тану» негізінде рухани-адамгершілік тәрбие беру. Осы мақсатты басшылыққа ала отырып, мектепте рухани дамыған және жоғары адамгершілікті тұлға қалыптастыруда ата-аналармен бірлесе отырып жұмыстар жоспарлы түрде жүргізілді. Білім алушыларды рухани-адамгершілікке тәрбиелеуде сыныптан тыс жұмыстардың маңызы ерекше. Қазіргі кезде қоғам алдына қойып отырған рухани-адамгершілік міндеттерін шешуде балалардың бойына бастауыш сыныптан бастап адамгершілік тәрбиенің негізі мәдениеттілік, адамгершілік, сана-сезім, мінез-құлық қалыптастыруда ерекше жұмысты қажет етеді. Сондықтан ұрпақты туған жерге еңбекке, сүйіспеншілік, үлкенді сыйлау, өзге ұлт өкілдерін құрметтеу, адамдармен шын пейілмен қарым-қатынас жасау, жоғары адамгершілік рухта тәрбиелеу барысында жұмыстар жүргізілді.

Тілдер мерекесіне байланысты он күндіктер өткізіліп, «Ана тілің-арың бұл!» атты тәрбие сағаттары сынып жетекшілерге зор жауапкершілік жүктеді. М.Әуезовтің 125 жылдығына орай «М.Әуезов және Абай» тақырыбында әдеби кеш жоғары дәрежеде тіл мамандары мен сынып жетекшілердің ұйымдастыруымен өткізілді.

Қазан айында ұстаздар мерекесіне байланысты «Ұстазым, ұлағатым-үлгі -өнегем!» атты құрмет сағаттарын барлық сынып білім алушылары өткізіп, ұстазға, үлкенге деген құрметі мен ізгілік қасиеттерін көрсете білді.

Адамдық рухани құндылықтарды білім жүйесі арқылы оқыта отырып, білім алушы бойына мейірімділікті, түсіністік пен шыдамдылық қасиеттерін қалыптастыруда және өмірге қажетті дағдыларды үйретуде тоқсанына 1 рет «Қайырымдылық» акциясы ұйымдастырылады. Қарттар күніне байланысты «Қарттарымызды құрметтейік!» атты акцияға қатысып, мектептің «Өзін-өзі басқару» ұйымы жалғызділікті қарттар мен әлеуметтік қорғалмаған отбасына барып, қайырымдылық жұмыстарын жүрді..

Адамның рухани, моральдық-этикалық қағидаттарын, оның адамгершілік құндылықтарына және қазақстандық қоғамның әдет-ғұрыптарына сәйкес келетін рухани-адамгершілік қасиеттері мен көзқарастарын дамыту барысында қазақ халық поэзиясының алыбы Жамбыл Жабаевтың 175 жылдығы мен көрнекті ағартушы-педагог Ыбырай Алтынсаринның туғанына 180 жыл толуына орай өткен тәрбие сағаттарының оқушылар үшін тәрбиелік мәні өте зор болды.

Дулат Бабатайұлының туғанына 220 жыл, жазушы Өзілхан Нұршайықовтың туғанына 100 жыл, Қаздауысты Қазбек бидің туғанына 355

жыл толуына орай барлық сыныптарда тәрбие сағаттары өтізілді. Ұлы Абайға арналып, «Ұлы Абай мұрасы» тақырыбында стенд жабдықталып, презентация жасалды. Ақын Ғ.Қайырбековтың туған күніне орай «Халқы сүйген ұлы ақын» тақырыбында поэзия кеші өткізілді. Мектепте поэзияға құштарлық жыл сайын артып, білім алушылардың өлең жаттау, өз шығармашылығын шыңдау артып келеді.

Білім алушыларға рухани-адамгершілік тәрбие беруде психолог пен сынып жетекшілердің ұйымдастыруымен «Иманды болу- парызың», «Адамгершілік-адамдықтың белгісі» тақырыбында тренинг пен тәрбие сағаттары өткізілді.

Рухани-адамгершілік құндылықтарды әсемдік, көркем мәдениет арқылы адами құндылық, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды үйрете отырып жұмыстар жүргізу- жеке тұлғаның әдепті болуын, қоғам өмірінің нормалары мен дәстүрлерін, моральдік қасиеттерін, бағыт-бағдарын қалыптастырады. Осыған байланысты әр балаға саналы тәрбие бере отырып, білім нәрімен сусындату мақсатында ана тілімізді, елімізді сүйетін, оның бүгінгі мен болашағына алаңдайтын адал азамат болуға тәрбиелеуде «Кітап-алтын қазына» атты айлық өз мәнінде жылда жүргізіліп отырады. Әрбір өткізілген шара білім алушының мінез-құлқының жетілуіне, ата-анасы, Отан, қоғам алдындағы парызына адамгершілік сезіммен қарауына ықпал ете алды.

3. Ұлттық тәрбие

Мақсаты- жеке тұлғаны жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға, мемлекеттік тілге, Қазақстан халқының мәдениетіне құрмет көрсетуге бағыттау.

Осы мақсатты басшылыққа ала отырып, білім алушылармен қыркүйек айында Тілдер мерекесіне байланысты он күндік мектеп директорының арнайы бұйрығымен жоспар жасалып, жүйелі түрде жүргізілді. «Менің тілім-менің досым» тақырыбында барлық сыныптарда тәрбие сағаттары өткізіліп, көрме жасалды.

«Теңге-Қазақстанның үміті мен өмірімнің символы», «Ұлттық тәрбие-ұлағат көзі» және «Ұлт болам десең, бесігіңді түзе!» атты сынып сағаттары да білім алушылардың жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға бағытталған шығармашылық қызметінің белсенді болуына тәрбиелік маңызының зор екенін үйретті..

Барлық сыныптарда «Қазақтың ұрпағына ұлағатты ұлы шын» тақырыбында әңгіме сағаттары өткізіліп, қазақтың ұмытылып бара әдет-ғұрып, салт-дәстүрлері жайында түсінік берілді.

Бүгінгі күннің талабы-білімді, тәрбиелі ұрпақ тәрбиелеу. Бала тәрбиесінде тәрбиелілікке жетудің бір жолы-еңбекке, әдептілікке, инабаттылыққа адамгершілікке, ұлттық құндылыққа тәрбиелеу. Ұлттық тәрбие беру бағыты бойынша «Ата көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» дей отырып, қазақ отбасында аналар мен әкелер бар өнерін ұрпағына үйретіп, барлығын балалардың бойына сіңіруді күнделікті әдетке айналдырған. Осы дәстүр мен ұлттық құндылықтарды бала бойына қалыптастыруда «Даналық» мектебі құрылған. Мақсаты- балаларды оқыту мен тәрбиелеу мәселесі

бойынша мектептің ата-аналармен қарым-қатынасын күшейту, берекелі отбасын құру және ұлттық құндылықтар мен дәстүрлерді қолданудың оң тәжірибесін тарату. Осыған байланысты мектепте «Аталар», «Әжелер», «Ағалар», «Жеңгелер» мектебі құрылған. Жыл басында мектеп мүшелерінің құрылымы, ережесі, мақсат-міндеттері, құзіреттері, құқығы таныстырылып, жоспарлары бекітілді. Бұл мектептердің негізгі мақсаты- болашақ ұрпаққа еліміздің ұлттық құндылықтарын санасына сіңіру, тілі мен діні, тарихы мен дәстүрі, рухани мәдениетке тәрбиелей отырып, оны күнделікті өмірде қолдана алу.

Осы мақсатты басшылыққа ала отырып, «Ата өсиеті» мектебінде «Жеті атасын білген ұл, жеті жұрттың қамын жер», «Бабалар дәстүрі-ұрпаққа өсиет», «Гибратты әжелер» мектебі бойынша «Ырым-тыйым-әдептілік негізі», «Әжем және мен», «Аға қамқорлығы» мектебінде «Ағасы бардың жағасы бар» және «Сырласу» атты жеңгелер мектебінде «Пай, пай, қазақтың келіндері-ай!» сайысы мен «Кел, сырласайық» диспуты өткізілді.

Жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде білім алушылар ұлттық нақыштағы тәрбиеден мол мағлұмат алып, сонынан кері байланыс жасады.

4.Отбасылық тәрбие.

Мақсаты- неке және отбасы мүшелерін құрметтеу құндылықтарын тәрбиелеу, толыққанды отбасын құру, отбасы мен достарына деген адалдық, отбасылық дәстүрлер, әдет-ғұрыптарды құрметтеу, сезім құндылықтары-сүйіспеншілік, адалдық,, достық, ата-аналарды тәрбиелеу, олардың психологиялық-педагогикалық құзіреттілігі мен балаларды тәрбиелеу жауапкершілігін арттыру.

Қазіргі заманда жеке тұлғаға жан-жақты білім мен тәрбие берудің табысты болуы ата-аналардың тәжірибесіне, кәсіби шеберлігіне, мәдениетіне, мектеппен ынтымақтастығына, отбасында бір-бірін түсінушілігіне, көзқарастары мен мақсаттарының бірлігіне байланысты. Сондықтан әрбір оқушының ой-өрісі кең, өзін-өзі дамыта алатын шығармашылық дарынды тұлға болуы мектептегі мектептегі тәрбие ғана емес, отбасындағы тәрбиеге, ата-ананың жауапкершілігіне сын. Осыған байланысты сынып жетекшілер ата-аналармен үнемі байланыста болып, жоспарлы жұмыстар атқарды. Жыл ішінде ата-аналармен педагогикалық-психологиялық қолдау көрсету мақсатында жұмыстар жүргізілді. Ата-аналардың мектепке қарым-қатынасын анықтау мақсатында диагностикалық блогі дайындалып, зерттеу жұмыстары жүргізілді, диагностикасы шығарылды. Сонымен қатар салауатты өмір салты, отбасы мен оқушының мәдени-сауықтыру уақытын қалай ұйымдастыратыны, сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет ету бойынша жұмыстар және жоғары сынып оқушыларының мақсаттарын айқындау мен кәсіпті таңдаудағы ата-аналардың рөлі, ақпараттық қауіпсіздіктің өзекті мәселелері туралы түсінік жұмыстары арқылы баланың болашағына жол ашу мақсатын көздеді.

Мектептің қамқоршылық кеңесінің қызметі және отбасы мен мектептің өзара іс-қимылын күшейту барысында тренинг өткізілді.

Ата-аналарға арналған «Ашық есік» күні тоқсанына 1 рет өткізіліп, «Отбасы құндылықтары» тақырыбында конференция, «Зерде» танымдық ойыны және салауатты өмір салтын насихаттауда «Әкем, шешем және мен», «Толоғай» спорттық ойындары мен мектеп кітапханасында өткен «Мен кітап сыйлаймын» акциясына бастауыш сынып ата-аналары белсенділікпен қатысты.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы бойынша «Мен кітап оқығанды жақсы көремін» тақырыбында отбасылық кітап оқу жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар «Отбасы-бақыт мекені» тақырыбында бейнероликтер жасалып, әлеуметтік желіге салынды. Сәдуақасовтар отбасы «Бір отбасы-бір кітап» байқауына Қасым Аманжоловтың «Дариға сол қыз» шығармасы бойынша қатысып, ауданнан 1-орын, облыстан 2-орын иеленіп, мектептің мәртебесін көтерді. Бертісов Даниярдың отбасы ауданда 1-орын иеленіп, дипломмен марапатталды. Ал Шәкәрім Жұпардың отбасы ауданда 1-орын, облыста 2-орын иеленді. Қайыров Бауыржанның отбасы да осы акцияда ауданда 1-орын, облыстан 3-орынды иеленді. Бұл жетістікке ата-аналардың үлесі зор. «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілесің» атты ата-аналар тренингі өткізіліп, ата-аналардың бала тәрбиесіне жауапкершілікпен қарауы, мектеппен үнемі байланыста болуы сияқты маңызды, құнды мәліметтер айтылып, түсіндіру сабақтары болды.

5.Еңбек,экономикалық және экологиялық тәрбие

Мақсаты-кәсіби өзін-өзі анықтауға саналы қатынасты қалыптастыру, жеке тұлғаның экономикалық ойлауы мен экологиялық мәдениет дамыту,құндылық ретінде табиғатты сүю, кіші Отан ретінде туған табиғатқа деген сүйіспеншілік қалыптастыру.

Бұл бағытта қыркүйек айынан бастап мектепішілік кезекшілік ұйымдастырудан бастап сынып бұрыштарын безендіру, мектеп мұражайына саяхат, экологиялық сынып сағаттары, ұлттық қолөнер көрмелері ұйымдастырылды.

«Алтын күз» кешінде «Бақша ғажайыптары» тақырыбында жемістер мен көкөністерден қолөнер көрмесі ұйымдастырылды.

«Еңбек түбі- береке» тақырыбында өткен тәрбие сағаттарында еңбек студің қыр-сырлары, еңбек адамдарының қажырлы еңбегі мен табандылығын мысал ете отырып, еңбексүйгіштікке баулу жұмыстары жүргізілді. Мектеп білім алушыларына еңбекті сүю, экологиялық бағыт беруде сынып жетекшілер тәрбие сағаттар өткізіп, тоқсанына 1 рет түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Мектеп айналасын көгалдандыру, гүл, ағаш егу, оларды күтіп баптап-өсіру жұмыстары да назардан тыс қалған емес.

«Қоғамға қызмет» жобасы аясында жоба мүшелері ауылдағы қарт, мүгедек отбасыларына барып, қолғабыс жасап, еңбекке шындалды.

Сыныптан тыс шараларда білім алушылар қолөнер шығармашылығы бойынша әр түрлі мүсін, картина және қалдық заттардан түрлі өмірге қажетті заттар дайындайды. Күздің күні мектепте өткізілген жәрмеңкеде жаз бойы еңбектеніп өсірген бау-бақша көкөністерін сата отырып, еңбек пен

жауапкершілікке үйренеді. Бұл жұмыстар болашақта білім алушылардың функционалдық сауаттылығын арттыра отырып, кәсіби ақпараттандыру, яғни саналы түрде таңдау жасай алуы мен болашақ мамандығының қызметі аясында көмегі болмақ.

6.Интеллектуалды тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу.

Мақсаты- әр адамның интеллектуалдық мүмкіндіктерін, көшбасшылық қасиеттері мен дарындылығын, ақпараттық мәдениетті , оның ішінде балалардың кибер мәдениеті мен гигиенасын дамытуды қамтамасыз ететін мотивациялық кеңістікті қалыптастыру.

Қыркүйек айынан бастап сыныптардың әлеуметтік паспорты бойынша деректер банкін құру жұмысы, Оқушылардың өзін-өзі басқару жұмысы, мектеп оқушыларының Президентін сайлау және әр түрлі тақырыпта өткен танымдық ойындар өткізу жұмыстары жүргізілді.

Барлық сыныптарда «Тарихтың адамгершілік сабақтары» тақырыбындағы тәрбие сағаттары білім алушылардың ізгілікке, мәдениеттілік пен кішіпейілділікке тәрбиеленуінде ерекше ықпалы болды.

Білім алушылар арасында «Қарым-қатынас жарастығы» тақырыбынды бір-біріне деген сыйластық, өзгенің қадір-қасиетін бағалай білу өнерін қалыптастыру бойынша жұмыстар жүргізілді.

Әрбір оқушының зияткерлік мүмкіндіктерін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын дамыту мақсатында зияткерлік кабинет жұмыс жасайды. Мұнда олар ойлау арқылы заттар мен құбылыстардың арасындағы күрделі себептік байланыстар мен заңдылықтарды ұғады, қызығушылықтары өте жоғары болды.

«Қауіпсіз интернет» бағытында мектеп психологы мен сынып жетекшілер бірлесе отырып, әлеуметтік желінің адам баласына әкелетін зиянды жақтарын түсіндіру жұмыстары ата-аналар мен білім алушыларды теріс іс-әрекеттерден сақтандыруда маңызы зор болды.

7. Көпмәдениеттік және көркем-эстетикалық тәрбие.

Мақсаты- жалпы мәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, жеке тұлғаның өнер мен шынайылыққа эстетикалық объектілерді қабылдауға, меңгеруге, бағалауға дайындығын дамыту, «Ұшқыр ой алаңы» мектеп оқушыларының дебаттық қозғалысы , жалпыұлттық мәдени-білім беру жобасын іске асыру арқылы полимәдени орта құру, эстетикалық талғам мен сезімнің эстетикалық санасын, халықтардың ұлттық мәдениеттері құндылықтарына көркемдік-эстетикалық сезімталдықты қалыптастыру.

Бұл бағыт бойынша үйірмелер мен секция жұмыстары ұйымдастырылып, жетекшілері тағайындалды. Мектепте жыл басынан бері спорттық үйірме, хор, дебат үйірмесі жұмыс жасайды. Оқушылардың каникул күндеріне жеке жоспар жасалып, жүйелі жұмыстар сынып жетекшілер мен үйірме жетекшілерінің ұйымдастыруымен жүргізілді. Жаңа жылдық шырша да арнайы кестемен өте жоғары деңгейде өткізілді. Алғыс айту күніне байланысты жүргізілген жұмыстар мен челленджер де өз мәнінде жүргізіліп, әлеуметтік желіге салынды.

1-4 сынып білім алушылары арасында «Сәлем берем ізетпен» тақырыбында тәрбие сағаттары, мерекелік концерттік бағдарламалар, әр түрлі кештер сонымен қатар соңғы қоңырау салтанатты жиыны, 9-11 сынып бітіру кештері жоспарға сәйкес өткізіліп, балалардың бойындағы дарындылық, талғампаздық қасиеттерін байқай отырып, болашаққа нық қадам басудағы ерекшеліктері айқындалды.

«Жол қозғалысы Ережелері-біздің достарымыз» атты тақырыпта ай сайын өткізілген сынып сағаттарында айтылған балаларды жол-көлік оқиғаларынан сақтандыру, алдын алу жұмыстарының нәтижесінде келеңсіз оқиғалар орын алған жоқ.

«Дауыс» дебат клубы жыл ішінде айына бір рет белгілі бір тақырыппен өткен ойындар баланы дарындылық пен мәдениетілікке, шешендікке, өзін-өзі ұстауына, көпшілік алдында еркін сөйлеуге дағдыландыру мақсатында жүйелі ойындар өткізді.

«Әдеп-ең қымбат мұра» тақырыбында өткен тәрбие сағаттарының да маңызы ерекше. Интерактивті тақтаны пайдалана отырып, слайд, презентация, бейне роликтер арқылы өткізілген жұмыстың бала есінде мәңгі қалары анық. Сондықтан адам бойындағы ең басты қасиет-әдептілік болғандықтан мектеп қабырғасына келген әр бала мәдениеттілігімен ерекшеленетін болғандықтан алдағы уақытта да жүйелі жұмыстар жалғасын табады.

Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты

Мақсаты- салауатты өмір салтының, дене шынықтыру мен спорттың, дене шынықтырудың құндылығын, өз денсаулығына жауапкершілікпен қарау құндылығын қалыптастыру.

Осыған байланысты мектеп медбикесі психолог, тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, ауылдық полиция қызметкерімен бірлесе отырып, «Адамгершілік-жыныстық тәрбиесі» тақырыбында әңгіме сағаттары және мектепішілік ұлдар мен қыздар жұмысына байланысты жекелей тақырыптық шаралар өткізілді.

Халықаралық ЖҚТБ індетіне қарсы күрес күніне орай «ЖИТС-тен сақтанайық!» тақырыбында сынып оқушылары арасында әңгіме сағаттары және медбикемен кездесу, білім алушыларға салауатты өмір салтын бойына дарыта отырып, зиянды әдеттерден аулақ болуды түсіндіру, насихаттау барысында айына 1 рет түсіндіру жұмыстары жүргізіледі.

Салауатты өмір –бұл:

- Дене тәрбиесі және спортпен шұғылдану,
- Қоршаған орта, табиғатты қорғау;
- Тамақтану, еңбек, демалу гигиенасы, Жаңа күннің негізгі талаптарын орындау;
- Жеке және ұжымдық талаптарын орындау;
- Зиянды әдеттердің алдын алу;
- Дұрыс жыныстық тәрбие;
- Өзара қарым-қатынастар, психо-гигиенасының негізгі талаптарын орындау.

Осы бағыттардағы шараларды өткізу жұмыстары сынып сағаттары мен сыныптан тыс өтетін шараларда жүргізілді.

«Ислам дініндегі тамақтану», «Елімнің болашағы-дені сау ұрпақ қолында», «Салауатты өмір салтын насихаттау» тақырыбындағы іс-шаралар ұрпақтың темекі шегуден, ішімдік ішуден, зиянды іс-әрекеттерден сақтандыру мақсатында өткізілді. Бұл жұмыстар мектеп балаларының теріс қылықтардан аулақ болуына көп әсерін берді.

Жалпы қорытындылай келе, мектептегі жүргізілген тағы бір жұмыстарға тоқталсақ, оқушылардың жас ерекшелігі мен психологиялық ерекшелігін, мүдделерін, қажеттіліктерін ескере отырып жұмыс жасау сынып жетекшілердің үлесінде. Соған байланысты жеке тұлғаның талантын, ойлау және дене даму ерекшеліктерін дамытуға жалпы мәдениетін қалыптастыруға, ата-аналармен үнемі байланыста болуда сынып жетекшілердің атқарар жұмыстары ерекше. Осындай жұмыстарды ұйымдастыруда сынып жетекшілер әдістемелік бірлестігі қызметінің ережелерін басшылыққа алдық..

Тәрбие жұмысының жай-күйі зерделеніп талданды және өз қызметіне қатысты нормативтік құжаттар, әдістемелік материалдар мен жаңалықтардың жүзеге асырылуы қаралды. Сынып жетекшілердің сынып жұмысына талдау жасау дағдыларының жеткіліксіздігі, сыныптағы проблемаларды айқындап, түзету жұмыстарын белгілеу дағдыларының аздығы бойынша жұмыстар белгілеу назарға алынды.

Сынып жетекшілер сынып білім алушыларының тәрбиелік деңгейінің диагностикалық картасын және қалыптасу деңгейінің диагностикасын жасады.

Оқушылардың сабаққа қатысы, үлгерімі, тәртібі, үнемі қадағаланып, ата-ана, мұғалім, сынып жетекшілер арасында сабақтастық орнаған. Күнделікті сабаққа кешігетін оқушы жоқ, ата-аналарымен хабарласып, олардың сабақты себепсіз босатпау керектігі үнемі ескертіліп отырады.

Діннің зиянды жақтары мен әр түрлі ағымдарынан сақтандыру, алданып қалмау, өз дініміз бен тілімізді сақтауға үйрету барысында жүргізілген жұмыстарға сынып жетекшілердің жауапкершілігі жоғары болды.

2021-2022, 2022-2023 оқу жылдар аралығында «Оқуға құштар мектеп», «Жаңа 100 есім», «Қоғамға қызмет», «Салауатты ұрпақ», «Өлкетану», «Саналы азамат» жобалары мен «Дауыс» дебат клубы жұмыс жасады. Әр жобаның мақсат-міндеттері айқындалып, жоспары бекітілген. Білім алушылардың бойына адамгершілік қасиеттер мен ұлттық құндылықты, азаматтық, рухани-адамгершілік қасиеттерді қалыптастыруда бұл жобалардың алар орны ерекше болды.

«Оқуға құштар мектеп» жобасының мақсаты- жас ұрпақ бойына елжандылық пен ұлттық құндылықты, азаматтық, рухани-адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру. Ата-аналар мен оқушылар, мұғалімдердің оқу мәдениетін, оқу сауаттылығын, оқу белсенділігін арттыру. Бұл жоба бойынша мектепте бастауыш сынып оқушылары арасында ертегілер

бойынша сахналық қойылымдар қойылып, кітап оқылып талдаулар жасалады. «Оқы және өзгеге сыйла» акциясы өткізіліп, 9,10 сынып оқушылары белсенділікпен қатысты. Буккроссинг бұрышы ашылған. Бұрышта үнемі әр түрлі тақырыпта жұмыстар жүргізіледі. «Оқуға құштар» жобасы аясында отбасылық оқудың дәстүрін жаңғырту, білім алушылардың оқу сауаттылығын арттыру, кітапхана қорын көркем әдебиетпен толықтыру жұмыстары күнделікті жүргізіліп отырады.

«100 жаңа есім» жобасы бойынша білімі мен ғылымы толысқан, үздік маман, жастарға нағыз үлгі боларлық тұлғаларды көпшілікке насихаттайтын жоба болғандықтан ауылдан шыққан осындай тұлғаларды кездесуге шақырып, өмірі мен өнегесін білім алушыларға таныстыру жұмыстары айына 1 рет өткізіліп, олардың адами қасиеттері мен құндылықтарын бойларына дарытуда айтқан дана сөздері мен істері көпке үлгі болды.

«Қоғамға қызмет» жобасы бойынша оқушылар жалғызділікті аналар мен қарттардың үйіне барып көмектесу жұмыстарын жүргізді. «Өлкетану» жобасы бойынша ауылымыздың маңындағы барлық тарихи-мәдени ескерткіштермен танысу, табиғатты аялау, күту жұмыстарын жүргізеді. Ғылыми-практикалық конференцияларға қатысып, жүлделі орындарға ие болып жүр.

4.4. Білімалушылардың рухани –адамгершілік, азаматтық-патриоттық,көркемдік –эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін сабақтан тыс қызметтің әр түрлі нысандарын ұйымдастыру

2021-2023 жылдарында өткізілген тәрбиелік іс-шаралардың сандық көрсеткіші

Тәрбие жұмыстарының бағыттары	2021-2022			2022-2023		
	формасы	Іс-шаралар саны	Қамтылған сыныптар	форма	Іс-шаралар саны	Қамтылған сыныптар
Қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие.	Сынып сағаттары	8	2-11	Сынып сағаттары	8	1-11
	Тәрбиелік іс-шаралар	4	5-11	Тәрбиелік іс-шаралар	5	1-11
	Жобалар	3	8-11	Жобалар	1	5-11
	байқаулар	2	5-11	байқаулар	2	5-11
	флешмоб	1	5-11	флешмоб	-	-

Рухани- адамгершілік тәрбие	Сынып сағаттар	9	1-11	Сынып сағаттар ы	10	1-11
	Тәрбиелі к іс- шаралар	5	1-11	Тәрбиел ік іс- шаралар	4	1-11
	жобалар	2	5-11	Жобала р	1	5-11
	челлендж	2	5-11	челленд ж	1	5-11
Ұлттық тәрбие	Сынып сағаттары	7	1-11	Сынып сағаттар ы	9	1-11
	Тәрбиелі к іс- шаралар	3	2-11	Тәрбиел ік іс- шаралар	4	1-11
	байқаула р	2	8-11	байқаул ар	1	1-11
	флешмоб	1	5-8	флешмо б	1	5-11
Отбасылық тәрбие	Сынып сағаттары	6	5-11	Сынып сағаттар ы	10	2-11
	Тәрбиелі к іс- шаралар	3	1-11	Тәрбиел ік іс- шаралар	5	1-11
	жиналыс	4	1-11	жиналы с	4	1-11
Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие	Сынып сағаттары	4	1-11	Сынып сағаттар ы	8	2-10
	Тәрбиелі к іс- шаралар	3	2-11	Тәрбиел ік іс- шаралар	4	1-11
	челлендж	2	5-11	челленд ж	1	2-11
	байқаула р	1	8-11	байқаул ар	2	5-11
Көпмәдениетті және көркем- эстетикалық тәрбие	Сынып сағаттары	5	5-11	Сынып сағаттар ы	9	1-11
	Тәрбиелі к іс- шаралар	2	1-11	Тәрбиел ік іс- шаралар	6	1-11

	көрме	2	2-11	көрме	1	1-11
	жоба	1	5-11	Жобала р	-	-
	байқаула р	-	-	байқау	1	5-11
Зияткерлік тәрбие, ақпаратты мәдениетті тәрбиелеу	Сынып сағаттары	9	2-11	Сынып сағаттар ы	11	1-11
	Тәрбиелі к іс- шаралар	3	1-11	Тәрбиел ік іс- шаралар	2	5-11
	байқаула р	1	1-11	байқаул ар	2	1-11
	челлендж	1	2-11	челленд ж	1	1-11
Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты	Сынып сағаттары	6	1-11	Сынып сағаттар ы	9	2-11
	Спорттық сайыстар	15	1-11	Спортты қ сайыста р	13	1-11
	Денсаулы қ күні	2	1-11	Денсаул ық күні	2	1-11
	челлендж	2	1-11	челленд ж	1	1-11
	флешмоб	3	1-11	флешмо б	2	1-11

Мектепте жоспарланған іс-шаралар жүйелі орындалып отырады. Кәсіптік бағдар беру бойынша ұйымдастыру жұмыстарында оқушыларға кәсіптік бағдар бере отырып, белгілі бір мамандыққа бейімділігін анықтау мақсатында жоғары сынып оқушылары арасында сауалнама жүргізіледі, ата-аналарымен үнемі байланыс жасалады және түрлі тақырыптарда сынып сағаттары өткізілді. Аптаның әр дүйсенбі күні бірінші сабақ алдында екі ауысымда да мемлекеттік гимн айтылады. Жалпы мектеп бойынша дүйсенбі саяси хабар, бейсенбі денсаулық, жұма имандылық күні болып белгіленген. 2020 жылдан бастап мектеп жұмысының ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында әлеуметтік желі парақшасы жұмыс жасайды. Мектеп өмірінде болып жатқан жұмыстар осы парақшаға салынып отырады. Білім алушылардың құқықтары мен еркіндіктері, оларды сақтау және қорғауға бағытталған жұмыстар да жүйелі жүргізілді.

Білім алушылардың жас ерекшеліктері мен қабілеттеріне байланысты өнерге, спортқа, шығармашылыққа деген қызығушылықтарын, ынта-жігерін

арттыру, эстетикалық талғамын дамытуға тәрбиелеу мақсатында мектепте үйірме жұмыстары жүргізіледі. Үйірме жұмыстарын жүргізудегі жетекшілердің негізгі мақсаты білім алушылардың шығармашылық қабілеті мен өзіндік іс-әрекетін жан-жақты дамыту, бос уақыттарын тиімді ұйымдастыруға шыңдау болғандықтан, оны ұйымдастыру мен жүргізуде үнемі жауапкершілік танытып отыру керек. Үйірме жұмыстарын жүргізуде мұғалімнің шығармашылық қабілеті айқын көрінеді. Сондықтан үйірме жұмысын жүргізу үшін ең бірінші білім алушылардың талаптары мен сұраныстарын қанағаттандыра отырып, үйірме мүшелерін ортақ іске жұмылдырамыз.. Ол үшін үйірме жетекшісі алынған тақырыбының үйретушілік және тәрбиелік маңызына ерекше көңіл бөледі. Осыған байланысты үйірме сабақтарында білім алушылардың ойлау қабілеттерін арттыруда ізденіс дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Ал оны дамыту үшін тиімді жаңа әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, жұмыстар жүргізу үйірме жетекшілері басты назарда ұстау қажет. Осындай ұстаным мен талаптарды ұстана отырып, жетекшілер жыл басынан бері арнайы құрылған жоспарлары бойынша жұмыс жүргізуде. Мектеп білім алушыларының үйірмелерге қызығушылықтары жоғары. Қолөнер жұмыстары бойынша жасаған бұйымдары жинақталған.

«Шабыт» дебат клубының жұмысы жоғары деңгейде жұмыс жасауда. Биылғы оқу жылында қатысатын оқушылардың саны артып, қызығушылықтары оянууда. Мысалы, мектепшілік дебат ойынына 6 командаға дейін қатысып, әр түрлі тақырыпта өткен ойындарда өздерінің сөйлеу, ойлау дағдыларының қалыптасқаны, өзін-өзі ұстау мәдениетінің жақсы дамығаны байқалды. Дебат қатысушылары аудан, облыстық сайыстарға барып, жүлделі орындарға ие болып жүр. Әрбір тандап ойнаған тақырыптары арқылы өз бетімен білім алуға дағдыланады, саяси сана-сезімі, қоғамға деген көзқарастары өзгереді.

Ал спорт үйірмесі бойынша мектеп білім алушыларының қатысу деңгейі өте жоғары. Дене тәрбиесі пәні мұғалімдері салауатты өмір салтын насихаттау, білім алушылардың спортқа деген қызығушылығын ояту барысында волейбол, баскетбол, тоғызқұмалақ ойындары бойынша аптасына 1 рет жүргізіледі. Арнайы кестелері, жоспарлары жасалған. Өткізген жарыстарының хаттамалары жинақталған.

Хор, би, домбыра үйірмелері де жоспарлы жұмыстар атқаруда. Мектепшілік өтетін мәдени шараларда үйренген билері мен әндерін шырқап, бағдарламаның көркемдік жағынан ерекшеленуіне өз үлестерін қосуда. Әрбір баланың зияткерлік мүмкіндіктерін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын дамыту мақсатында зияткерлік кабинет жұмыс жасайды.

Қорыта айтқанда, барлық үйірме жетекшілері жеке тұлғаны жан-жақты дамытуда үйірме жұмыстарын жоспарлы жүргізе отырып, өздігінен бақылау жүргізуге, шығармашылыққа жетелейтін, өздігінен іздене алатын және шымыр, дені сау салауатты азамат дайындауда жауапкершілікпен жұмыс жасауда. Бұл жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде білім алушылар өз

бетінше жұмыс істеуге дағдыланады, болашақта өмірден өз орнын табуға талпынады .

2023-2024 оқу жылы

Үйірменің атауы	Бағыты	1-4	%	5-7	%	8-11	%
Зияткерлік ойындар	шығармашылық	40	77	34	65,3	-	-
Домбыра	Көркем-эстетикалық	-	-	14	28	12	31,5
Хор	Көркем-эстетикалық	10	19,2	12	24	7	18,4
Би	Көркем-эстетикалық	22	42,2	18	36	-	-
Дебат	шығармашылық	-	-	8	16	8	21
Волейбол	Спорттық	-	-	25	50	18	47,3
Баскетбол	Спорттық	-	-	21	42	15	39,4
Тоғызқұмалақ	Спорттық	16	30,7	10	20	5	13,1
Шашки, шахмат	Спорттық	20	38,4	10	20	8	21
Барлығы	9						100

2021-2022			2022-2023			2023-2024		
Барлық оқушы	үйірме саны	Бала саны	Барлық оқушы	үйірме саны	Бала саны	Барлық оқушы	үйірме саны	Бала саны
	8		138	8	135	142	9	140

2023-2024 оқу жылында тәрбие процесінде басшылыққа алынған «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 16 қыркүйектегі № 472 бұйрығы мен Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру бойынша Мемлекеттік құзырлы органдармен бірлескен 2023-2024 оқу жылына арналған КЕШЕНДІ ЖОСПАРЫ негізінде жасалған тәрбиенің жылдық жоспары жасалып, бекітілді.

Тәрбие жұмысының тақырыбы: Ұлттық рухы биік, адамгершілігі жоғары, салауатты өмір салтын ұстанатын, елінің өткенін құрмет тұтып, ертеңіне өз үлесін қосуды парызым деп білетін жан-жақты білімді, қабілетті, жаңашыл тұлға қалыптастыру.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты:

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Міндеттері:

1. Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.
2. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.
3. Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлы болуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.
4. Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.
5. Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

Күтілетін нәтиже:

1. Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашаңырақ», «жеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді.
2. Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды.
3. Әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзіне берік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды.
4. Жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады.
4.7.ҮОЖ сәйкес жүзеге асырылатын вариативтік компоненттің факультативтері мен таңдау курстарын іске асыру ҚР Оқу-ағарту министрінің 03.08.2022 жылғы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» №348 бұйрығына 2-қосымшасының 11-тармағы (Бастауыш білім берудің жалпыға міндетті стандарты), 3-қосымшасының 14 тармағы (Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты), 4-қосымшасының 18 тармағы (Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты) талаптарына сәйкес жүреді.

Бағаланатын кезеңдегі вариативтік курстардың кестесі:
<https://cloud.mail.ru/public/wasy/fjnFPZcXS>

2021-2022 оқу жылы

Мектептің оқу жұмыс жоспарының вариативтік компоненті бойынша бағдарламалар дайындауда Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын (өзгерістермен және толықтырулармен 2020 жылғы 28 тамыздағы №372 бұйрық), Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген Бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспарлар (2021 жылғы 20 тамыздағы № 415 енгізілген өзгерістерімен және толықтыруларымен); «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығы (өзгерістермен және толықтыруларымен 2020 жылғы 27

қарашадағы № 496 с бұйрық) негізінде, биылғы 2021/2022 оқу жылына арналған вариативтік бөлімдегі жаһандық курсы бағдарламалары бекітілді. Бағдарламалар оқушылардың сұранысына және мектептің бағытына сай дайындалып, бастауыш сыныптан бастап сабақтастық принципіне негізделді.

Бағдарламалар дайындауда Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы әзірлеген «Вариативтік курс бағдарламасын құрастыру» әдістемелік нұсқаулығы басшылыққа алынды.

Мектептің оқу жұмыс жоспарының вариативтік компоненті:

Белсенді-қозғалмалы сипаттағы және топтық сабақтар	1 сын	2 сын	3сын н	4 сы н		апталы қ	жылды қ
«Зерттеу мәдениеті»	-	1	1	-		2	68
«Жас тілші»	-	-	-	1		1	34
Вариативтік оқу жүктемесі		1	1	1		3	102
Жаһандық күзиреттілік немесе таңдау бойынша курстар	5 сын	6 сын	7 сын	8 сы н	9 сы н	апталы қ	жылды қ
«Парасаттылық және әдеп»	1					1	34
«Экология»		1				1	34
«Эмоционалды интеллект және сыни ойлау»			1			1	34
«Медиасауаттылық»				1		1	34
«Зайырлылық және дінтану негіздері»					1	1	34
Элективті курстар							
«Өлкетану»	1					1	34
«Робототехника»		1				1	34
«Физика және техника»			1	1		2	68
«Информатика(3 тілділік)»					1	1	34
Вариативтік оқу жүктемесі	2	2	2	2	2	10	340
Жаһандық күзиреттілік	10 сыны п	11 сыны п				апталы қ	жылды қ

«Кәсіпкерлік және бизнес негіздері»	1	1				2	68
Элективті курстар							
«Далалық жиын»	1	-				1	34
«Қолданбалы физика»	1	1				2	68
«Биология және медицина»	1	-				1	34
«Микробиология»	-	1				1	34
Вакансия	-	1				1	34
Вариативтік оқу жүктемесі	4	4				8	272

Оқу жоспарының вариативтік компоненті бойынша:

2 сынып бойынша белсенді-қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтардан дайындаған «Зерттеу мәдениеті» сабағы оқушыны ерте жастан ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу дағдыларын қалыптастырып, дамыту арқылы – оқушы шығармашылығын қалыптастыруға мүмкіндік береді, өмірлік дағды мен тәжірибелерін қалыптастырады.

3 сынып бойынша «Зерттеу мәдениеті» белсенді-қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабағы оқушының 2 сыныпта алған зерттеушілік дағдыларының одан ары дамуына әсер етеді, әр түрлі жобалар дайындауға ықпал етеді.

4 сынып бойынша «Жас тілші» белсенді-қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабағы баланы шешендікке баулып, тілдің әр қырын меңгертуді мақсат етеді. Оқушының жеке қабілеттерін шыңдап, шығармашылыққа баулиды.

Жаһандық құзіреттілік немесе таңдау бойынша курстар

«Парасаттылық және әдеп» жаһандық құзіреттілік немесе таңдауы бар курсы 5 сыныпқа жүргізіп, оқушының адами және тұлғалық қасиеттерінің қалыптасуы мен дамуына ықпал етеді.

6-сыныпқа арналған «Экология» жаһандық құзіреттілік немесе таңдауы бар курсы оқушыларға қоршаған ортаны қорғауға және оның мән-маңызын түсінуге бағыттап, кәсіби бағдар беруді, практикалық іс- әрекет дағдысын дамытуды көздейді.

Осы бағыт бойынша 7- сыныпта «Эмоциональдық интеллект және сыни ойлау» курсы оқушы құзіреттілігін қалыптастырудағы тұлғалық қасиеттерін айқындайды.

«Медиасауаттылық» жаһандық құзіреттілік немесе таңдауы бар курсы 8 сыныпқа жүргізіп, оқушының ақпараттық танымын дамытып, зиянды ақпараттардан қорғанудың түрлі жолдарын көрсетеді.

9 сыныптағы «Зайырлылық және дінтану негіздері» жаһандық құзіреттілік немесе таңдауы бар курсы оқушының рухани құндылығын және діни мәдениетін көтереді.

Элективті курстар

5-сыныпқа арналған «Өлкетану» элективті курсы оқушының мәдени құзіреттілігін дамытып, туған өлке тарихы мен мәдениетінің әлемдік мәдениеттің бір бөлігі, қайнар көздерінің бірі екендігі туралы түсініктерін қалыптастырып, патриоттық тәрбие береді.

«Робототехника» элективті курсы оқушы бойындағы құрастырушылық-инженерлік дағдылары мен математикалық білім-білік қабілеттерін дамытуға жұмыс жасайды.

7-8 сыныптарға арналған «Физика және техника» бағдарламасын жасап, физика саласы бойынша оқушылардың функциональдық сауаттылығын қалыптастырып, өмірлік дағдыларын қалыптастырады.

9- сыныпқа арналған «Информатика» элективті курсы оқушыларға үштілділік білім алу негізінде оқушыларға ағылшын тілін меңгеруді мақсат етеді.

10-11 сыныптарға арналған «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» жахандық құзіреттілік курсы оқушыны бүгінгі нарық заманына бейімдеп, функциональдық білімін жетілдіреді.

Элективті курстар

«Далалық жиын» элективті курсын 10 сынып оқушыларымен жүргізіп, әскери машықтарын дамытып, патриоттық тәрбие береді.

«Қолданбалы физика» элективті курсы оқушының өз бетінше зерттеулер жүргізіп, пәндік білімдерін бекітуге, ғылыми-зерттеу жұмыстарының негізін жасауға бейімдейді, физика пәнінің білім берудің жоғары сапасын қамтамасыз етіп, бағдарлы оқытуды жүзеге асырады.

«Биология және медицина» элективті курсы оқушы денсаулығының дұрыс болып, эстетикалық-гигиеналық талаптарын қалыптастырады, салауатты сауаттылыққа тәрбиелеп, өмірлік дағдылар қалыптастырады. 11 сыныпқа арнап жасалған «Микробиология» элективті курсы бағдарламасы биология саласының негізі болып табылатын микроәлем туралы кеңінен ақпарат беріп, интеллектуалды және практикалық білімі мен дағдысын қалыптастырады, кәсіптік бағдарлау мәселелерін шешуге жағдай жасайды.

2022-2023 оқу жылы

Мектептің оқу жұмыс жоспарының вариативтік компоненті бойынша бағдарламалар дайындауда «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 23 қыркүйектегі өзгерістер мен толықтырулармен № 406 бұйрығы); «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы, (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі өзгерістер мен толықтырулармен № 412 бұйрығы, 2022

жылғы 12 тамыздағы өзгерістер мен толықтырулармен № 365 бұйрығы); «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (ҚР Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 03 сәуірдегі № 115 бұйрығы); 2022-2023 оқу жылындағы Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие үрдісінің ерекшеліктері туралы нұсқаулық- әдістемелік хаты. Бағдарламалар оқушылардың сұранысына және мектептің бағытына сай дайындалып, бастауыш сыныптан бастап сабақтастық принципіне негізделді.

Оқу жоспарының вариативті компоненті бойынша келесі курстар оқытылды:

Белсенді-қозғалмалы сипаттағы және сабақтар	1 сын	2 сын	3сын	4 сын		апталық	жылдық
«Ғажайып математика»	1	-	-	-		1	35
«Математика және өмір»	-	1	-	-		1	36
«Жас тілші»	-	-	1	-		1	36
«Мәнерлеп оқу»	-	-	-	1		1	36
Вариативтік оқу жүктемесі	1	1	1	1		4	143
Жаһандық күзіреттіліктер	5 сын	6 сын	7 сын	8 сын	9 сын	апталық	жылдық
«Жаһандық күзіреттіліктер»	0,5					0,5	18
«Жаһандық күзіреттіліктер»		0,5				0,5	18
«Жаһандық күзіреттіліктер»			0,5			0,5	18
«Жаһандық күзіреттіліктер»				0,5		0,5	18
«Жаһандық күзіреттіліктер»					1	1	36
Вариативтік оқу жүктемесі	0,5	0,5	0,5	0,5	1	3	108
Жаһандық күзіреттіліктер	10 сынып	11 сынып				апталық	жылдық
«Жаһандық күзіреттіліктер»	1	1				2	72
Элективті курстар							
«Далалық жиын»	1	-				1	30

«Микробиология»	-	1				1	36
«Кәсіби бағдар»	1	1					72
Вариативтік оқу жүктемесі	3	3				6	210

1- сынып бойынша . белсенді-қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтардан дайындаған «Ғажайып математика» курсы білім алушылардың математикалық сауаттылығын қалыптастырып, пәнге деген қызығушылығын арттырады. Логикалық ойлау дағдыларын дамытады.

2- сынып бойынша «Математика және өмір» курсы білім алушылардың математика ғылымы бойынша функциональдық сауаттылықтарының қалыптасуына мүмкіндік береді. Күнделікті өмірдегі математикалық есептеулер мен дағдылар дамытылады. Логикалық шебер ойлау дағдыларын ұштайды.

3- сынып бойынша «Жас тілші» белсенді-қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабағы оқушының баланы шешендікке баулып, тілдік сөйлеу қабілетінің дамуына әсер етеді, өз ойын еркін де дәлелді жеткізе алуға тәрбиелейді, оқу сауаттылықтарын дамытуға жұмыс жасайды.

4 -сынып бойынша «Мәнерлеп оқу» белсенді-қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабағы баланы шешендікке баулып, тілдің әр қырын меңгертуді мақсат етеді. Жұрт алдында сөйлеу мәдениетін дамытып, оқу сауаттылығын арттырады.

5-9 сыныптарына арналған «Жаһандық құзыреттіліктер» курсы өмірдегі жаһанданудың өсіп келе жатқан ықпалына, жедел әлеуметтік, экономикалық және технологиялық өзгерістерге, сондай-ақ адамдарға, мәдениет пен ұлттарға жаппай әсер ететін басқа да маңызды жаһандық мәселелерге байланысты ерекше мәнге ие факторларға дайындау болып табылады.

Курс жаһандық азаматтылық құзыреттіліктеріне ие бәсекеге қабілетті тұлғаны, жергілікті және жаһандық мәселелердің өзара байланыстылығы мен өзара тәуелділігін түсінуді, мәдениетаралық өзара іс-қимыл мәселелерін, әртүрлі көзқарастар мен дүниетанымдарды сыни талдау мен бағалауды, бірегей білім мен идеяларды құру дағдыларын қалыптастыруға бағытталған. Курстың мазмұны зерттеу дағдыларын дамытуды және қажетті өзекті ақпаратты іздеуді, сыни ойлау мен рефлексияны, коммуникативтік құзыреттілікті қамтиды.

Курстың белгіленген мақсаттары мен міндеттері орта білім беру мазмұнымен сабақтастық пен өзара байланысты көздейді, оқу үдерісінің ажырамас бөлігі ретінде тәрбиелік контентті кеңейтеді.

«Жаһандық құзыреттер» курсының үлгілік оқу бағдарламасының оқу

жүктемесінің көлемі мыналарды құрайды:

- 5-8 – сыныптарда - 0,5 сағат (екі аптада бір рет),
- оқу жылында 18 сағат
- 9 – сыныпта-аптасына 1 сағат, оқу жылында 36 сағат

- 10-11 сыныптарда – аптасына 1 сағат, оқу жылында 36 сағат.

Курс бағдарламасы білім алушылардың жас ерекшеліктері мен қызығушылықтарын ескере отырып әзірленген бес бөлімнен тұрады: «Парасаттылық және әдеп», «Азаматтылық және патриотизм», «Медиа және қаржылық сауаттылық», «Өмір қауіпсіздігі», «Экологиялық мәдениет». 9 сыныптағы «Зайырлылық және дінтану» жаһандық құзіреттілік курсы білім алушылардың құқықтық және діни сауаттылығын қалыптастыруға, зайырлылық қағидатын құндылық ретінде түсінуге, діннің қоғам өміріндегі орнын, әлемдік діндердің, жалған діни және деструктивті діни ағымдардың тарихы мен қазіргі жағдайын зерделеуге бағытталған.

10-11 сыныптардағы «Жаһандық құзыреттіліктер» курсы 10-сыныпта аптасына 1 сағаттан, оқу жылында 36 сағатты құрап, білім алушылардың сыни ойлауын, зерттеу, коммуникация, жаһандық маңызы бар мәселелерді шешу мен талдау дағдыларын қалыптастыруға және дамытуға ықпал етеді.

Курс бес бөлімнен тұрады: 1) «Жаһандық құзыреттіліктер»; 2) Жергілікті, жаһандық және мәдени маңызы мәселелерді зерттеу; 3) Әртүрлі дүниетанымдар мен көзқарастарды түсіну және құрметтеу; 4) Мәдениеттер арасындағы ашық және тиімді өзара іс-қимылға қатысу; 5) Ұжымдық игілікке жәрдемдесу және тұрақты даму; 11 сыныптағы курстың мақсаты: білім алушылардың кәсіпкерлік, экономика, менеджмент және маркетинг негіздері бойынша базалық білім алуы; өз таңдауы үшін жауапкершілікке дағдыландыру және кәсіпкерлік тұрғыда ойлауын, белсенді өмірлік ұстанымды қалыптастыру; қазіргі нарықтық жағдайларда болашақ дербес қызмет үшін дағдылардың практикалық базасын құру. Курс екі юниттен тұрады 1-Юнит. «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері», 2-Юнит «Қаржылық сауаттылық». Аптасына 1 сағаттан, оқу жылында 36 сағатты құрайды.

11 сыныптағы «Микробиология» элективті курсы бағдарламасы биология саласының негізі болып табылатын микроәлем туралы кеңінен ақпарат беріп, интеллектуалды және практикалық білімі мен дағдысын қалыптастырады, кәсіптік бағдарлау мәселелерін шешуге жағдай жасайды.

10-11 сыныптардағы «Кәсіби бағдар» курсы әр түрлі мамандықтар жайында ақпараттарды қамти отырып, білім алушылардың болашақтағы мамандық таңдауына бағыт-бағдар береді. Мамандық таңдаудың қырлары мен ерекшеліктерін танып біледі.

«Далалық жиын» элективті курсы 10 сынып оқушыларымен жүргізіп, әскери машықтарын дамытып, патриоттық тәрбие береді. 10-сыныпта білім алушылардың практикалық біліктері мен дағдыларын дамыту мақсатында, сондай-ақ әскери істі зерделеуге қызығушылықты қалыптастыру үшін оқу жылының соңында жасөспірімдермен әскери бөлім базаларында (әскери бөлімдердің қолбасшылығымен келісім бойынша) немесе тиісті білімі бар білім беру ұйымдарында оқу-материалдық базасы бар 30 сағат көлемінде бес күндік оқу-далалық (лагерьлік) жиындар өткізіледі. Оқу-далалық жиындар бастапқы әскери және технологиялық даярлық курсынан өту бағдарламасының міндетті кезеңі болып табылады, оларды жергілікті

атқарушы органдар ұйымдастырады және білім беру ұйымдарында көзделген сағаттар есебінен қамтамасыз етіледі.

2023-2024 оқу жылы

Мектептің оқу жұмыс жоспарының вариативтік компоненті бойынша бағдарламалар дайындауда_ «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу- ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 23 қыркүйектегі өзгерістер мен толықтырулармен № 406 бұйрығы);«Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығы, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі № 412 бұйрығы өзгерістер мен толықтырулармен; 2022 жылғы 12 тамыздағы өзгерістер мен толықтырулармен № 365 бұйрығы);«Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (ҚР Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 03 сәуірдегі № 115 бұйрығы); «2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хат. Бағдарламалар оқушылардың сұранысына және мектептің бағытына сай дайындалып, бастауыш сыныптан бастап сабақтастық принципіне негізделді. Оқу жоспарының вариативті компоненті бойынша келесі курстар оқытылады:

Белсенді-қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар	1 сын	2 сын	3сын	4 сын		апталық	жылдық
«Тіл дамыту»	-	1	-	-		1	34
«Математика және логика»	1	1	1	1		4	135
Вариативтік оқу жүктемесі	1	2	1	1		5	169
Жаһандық күзіреттіліктер	5 сын	6 сын	7 сын	8 сын	9 сын	апталық	жылдық
«Жаһандық күзіреттіліктер»	0,5	0,5	0,5	0,5	1	3	102
Вариативтік оқу жүктемесі	0,5	0,5	0,5	0,5	1	3	102

Жаһандық күзіреттіліктер	10 сын	11 сын				апталық	жылдық
«Жаһандық күзіреттіліктер»	1	1				2	68
Элективті курстар	2	2				4	136
«Ахметтану»	1	1				2	68
«Ландшафт дизайны»	1	-				1	34
«Экологиялық мәдениет»	-	1				1	34
Вариативтік оқу жүктемесі	3	3				6	204

1-4 сыныптар бойынша белсенді-қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сипаттағы «Математика және логика» курсы білім алушылардың есеп жүргізе алу дағдыларын қалыптастырып, пәнге деген қызығушылығын арттырады. Математика ғылымы бойынша функционалдық сауаттылықтарының қалыптасып, дамуына мүмкіндік береді, өмірлік дағдыларын, логикалық ойлауын дамытады, дәлелді ой түюге жұмыс жасайды.

2- сынып бойынша белсенді-қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сипаттағы «Тіл дамыту» сабағы баланың оқу сауаттылығын дамытып, ұшқыр ойлау, тілдік дағдыларды тиімді қолдана алуға үйретеді, шешен сөйлей алу, тілдік нормаларды орынды қолдана алу дағдыларын дамытуға жұмыс жасайды.

5-9 сыныптарына арналған «Жаһандық күзіреттіліктер»

«Жаһандық күзіреттер» курсының үлгілік оқу бағдарламасының оқу жүктемесінің көлемі мыналарды құрайды:

- 5-8 – сыныптарда - 0,5 сағат (екі аптада бір рет);
- 9 – сыныпта-аптасына 1 сағат.

0, 5 сағат жүктемесі бар курс екі аптада 1 рет өткізіледі.

«Жаһандық күзіреттіліктер» курсы білім алушылардың әлемдегі өз орнын анықтау үшін қажетті құндылық бағдарларын, коммуникативтік дағдыларын, әдептілік нормалары мен мінез-құлық ұстанымдарын қалыптастыруға ықпал етеді. Курстың мақсаты: жаһандық азаматтық күзіреттерге ие бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру.

Курстың міндеттері:

- білім алушыларды қазіргі заманның жаһандық сын-тегеуріндерімен таныстыру;
- тұлғаның тұрақты даму мәдениетін қалыптастыру;
- білім алушыларда жергілікті, өңірлік, ұлттық, жаһандық оқиғалар, олардың себептері мен салдарлары туралы талдамалық бағалау түсінігін дамыту;
- эмпатия жағдайында басқа адамдардың қажеттіліктері мен құқықтарына тәрбиелеу;

- мазмұнды және шығармашылық оқыту дағдыларын қалыптастыру.

5-8 сыныптардағы курс бағдарламасы білім алушылардың жас ерекшеліктері мен қызығушылықтарын ескере отырып әзірленген бес бөлімнен тұрады: «Парасаттылық және әдеп», «Азаматтылық және патриотизм», «Медиа және қаржылық сауаттылық», «Өмір қауіпсіздігі», «Экологиялық мәдениет». 9 сыныптағы «Зайырлылық және дінтану» курсы білім алушылардың құқықтық және діни сауаттылығын қалыптастыруға, зайырлылық қағидатын құндылық ретінде түсінуге, діннің қоғам өміріндегі орнын, әлемдік діндердің, жалған діни және деструктивті діни ағымдардың тарихы мен қазіргі жағдайын зерделеуге бағытталған.

10-11 сыныптардағы «Жаһандық құзыреттіліктер» курсы білім алушылардың сыни ойлауын, зерттеу, коммуникация, жаһандық маңызы бар мәселелерді шешу мен талдау дағдыларын қалыптастыруға және дамытуға ықпал етеді. Курс бес бөлімнен тұрады: 1) «Жаһандық құзыреттіліктер»; 2) Жергілікті, жаһандық және мәдени маңызы мәселелерді зерттеу; 3) Әртүрлі дүниетанымдар мен көзқарастарды түсіну және құрметтеу; 4) Мәдениеттер арасындағы ашық және тиімді өзара іс-қимылға қатысу; 5) Ұжымдық игілікке жәрдемдесу және тұрақты даму;

11- сыныптағы курстың мақсаты: білім алушылардың кәсіпкерлік, экономика, менеджмент және маркетинг негіздері бойынша базалық білім алуы; өз таңдауы үшін жауапкершілікке дағдыландыру және кәсіпкерлік тұрғыда ойлауын, белсенді өмірлік ұстанымды қалыптастыру; қазіргі нарықтық жағдайларда болашақ дербес қызмет үшін дағдылардың практикалық базасын құру. Курс екі юниттен тұрады 1-Юнит. «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері», 2-Юнит «Қаржылық сауаттылық». Аптасына 1 сағаттан, оқу жылында 34 сағатты құрайды.

10-11 сыныптардағы «Ахметтану» элективті курсы бағдарламасы қазақ халқының ұлт ұстазы атанған А.Байтұрсынов өміріне арналып құрастырылған. Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясындағы ұлттық құндылықты, жалпыадамзаттық адамгершілікті ұғыну, өз бойынан өткізу, ұлы тұлғаның өмірі мен еңбегі, өмір жолы арқылы қоғамдағы өзгерістерді игере алуға тәрбиелеуді мақсат етеді.

«Ландшафт дизайны» элективті курсы бағдарламасы табиғи компоненттерді белсене қолдана отырып жасанды ортаны қалыптастыруға бағытталған қызметтің ерекше түрі. Бүгінгі күні ландшафттық дизайн, ландшафттық жасылдандыру және маңайды көркейту маңызды мәселелердің бірі болып қалыптасуда. Өйткені әдемілік адамның тіршілік ортасын қолайлы және жағымды етеді. Курс жаратылыстану пәндерімен кіріктірілген, бейіндік, кәсіптік дайындықты іске асырып, өмірлік дағды қалыптастырады, өзіндік мені мен азаматтық позитивтілікті қалыптастыруға жұмыс жасайды.

11 сыныптағы «Экологиялық мәдениет» элективті курсы бағдарламасы биология саласының негізі болып табылатын экология туралы кеңінен ақпарат беріп, интеллектуалды және практикалық білімі мен дағдысын

калыптастырады, кәсіптік бағдарлау мәселелерін шешуге жағдай жасайды, экологиялық мәдениетін дамытады.

4.8.«Өмір қауіпсіздігінің негіздері» міндетті оқу курсын игеру. ҚР Оқу-ағарту министрінің 03.08.2022 жылғы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» №348 бұйрығына 2-қосымшасының 25-тармағы (Бастауыш білім берудің жалпыға міндетті стандарты), 3-қосымшасының 56 тармағы 6-тармақшасы (Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты), сәйкес келеді. 4-қосымшасының 50 тармағы (Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты) талаптарына сәйкес жүзеге асырылады. Оқу процесі кезінде жүргізілетін және міндетті болып табылатын «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсының мазмұнының инвариантты оқу пәндерінің аясында жүргізілуіне талдау жасау үшін «Bilimal» электронды мектеп автоматтандырылған басқару жүйесі арқылы пән мұғалімдерінің күнтізбелік-тақырыптық жоспарлары, электронды сынып журналдары зерделенді. Жалпыға міндетті білім беру стандартында «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсы 1-4 сыныптарда дүниетану оқу курсының аясында 1-3 сыныптарда 6 сағат, 4-сыныпта 10 сағаттық, 5-9-сыныптарда дене шынықтыру оқу курсының аясында 15 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен дене шынықтыру мұғалімінің оқытуымен, 10-11-сыныптарда «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» курсы аясында 12 сағаттық жылдық жүктемемен жүзеге асырылуы өзін-өзі бағалауға енген оқу жылдарында 100% орындалған.

4.9.«Жолда жүру ережелері» міндетті оқу курсын іске асыру ҚР Оқу-ағарту министрінің 03.08.2022 жылғы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» №348 бұйрығына 2-қосымшасының 26-тармағы (Бастауыш білім берудің жалпыға міндетті стандарты), 3-қосымшасының 38 тармағы (Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты) талаптарына сай жүреді.

Жалпы міндетті білім беру стандартына сәйкес «Жол қозғалысы ережелері» оқу курсы 1-4 сыныптарда - 6 сағат, 5-8 сыныптарда сыныптан тыс уақыттарда және сынып сағаты есебінен 10 сағат көлемінде жүргізіледі, сынып журналының сынып сағаттарымен кіріктіріліп журналға толтырылған.

Сынып сағаттары есебінен және сабақтан тыс уақытта сынып жетекшілерімен іске асырылатын «Жол қозғалысы ережелері» оқу курсының орындалысы «Bilimal» электронды мектеп автоматтандырылған басқару жүйесі арқылы зерделеніп, нәтижесінде «Жол қозғалысы ережелері» оқу курсының өзін-өзі бағалауға енген оқу жылдарында 100% орындалғандығы анықталды.

4.10.Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне өлшемшарттар

Білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемінің сәйкестігі және сақталуы сақталуына талдау жасау үшін «Bilimal» электронды мектеп автоматтандырылған басқару жүйесі арқылы пән мұғалімдерінің күнтізбелік-тақырыптық жоспарлары, электронды сынып журналдары және мектептің жұмыс оқу жоспарлары, сабақ кестесі зерделенді. Бағаланатын кезеңдегі пән бойынша тақырыптық-күнтізбелік жоспарлар «Bilimal» автоматтандырылған басқару жүйесінің электронды журналынан тексерілді. 1-11 сыныптарына арналған жұмыс оқу жоспарларында белгіленген апталық оқу жүктемесінің санының сәйкестігі сабақ кестелері мен электронды сынып журналдарындағы жазбалармен расталды. Осылайша білім алушылардың инвариантты және вариативтік компоненттерден тұратын оқу жүктемесінің жалпы көлемі, сондай-ақ сыныптар бойынша апталық және жылдық оқу жүктемесі сәйкес екендігі анықталды. ҚР Оқу-ағарту министрінің 03.08.2022 жылғы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» №348 бұйрығына 2-қосымшасының 28 тармағы (Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты), 3-қосымшасының 40 тармағы (Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты), 4-қосымшасының 30 тармағы (Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты) талаптарына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 08.11.2012 жылғы №500 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларының» 1, 6,8б, қосымшаларына сәйкес келеді.

сыныптар	2021-2022	2022-2023	2023-2024
Апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі(сағат)			
1	22.5	19.5	19.5
2	24	24	24
3	27	26	26
4	27	26	26
5	31	28.5	28.5
6	31	28.5	28.5
7	34	31.5	31.5
8	35	32.5	32.5
9	36	34	34
10	37	35	35
11	37	35	35

.4.11.Инвариантты және вариативті компоненттерін құрайтын білім алушылардың оқу жүктемесінің жалпы көлемінің, ҮОЖ белгілеген сыныптар бойынша апталық және жылдық оқу жүктемесінің сәйкестілігі бойынша білім беру ұйымының басшысы әзірлеген және

бекіткен оқу жұмыс жоспарларының, инвариантты және вариативті компоненттер бойынша сабақ кестелері, «Bilimal» электронды мектеп автоматтандырылған басқару жүйесі арқылы пән мұғалімдерінің күнтізбелік-тақырыптық жоспарлары, электронды сынып журналдары зерделенді.

Нәтижесінде бағаланатын кезеңдегі инварианттық және вариативтік компоненттерінде белгіленген апталық және жылдық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі үлгілік оқу жоспарларының апталық және жылдық оқу жүктемесіне сәйкес келетіні және оқу үрдісін ұйымдастыру кезінде апталық және жылдық оқу жүктемесінің көлемі сақталғаны анықталды, ол электронды сынып журналдарындағы жазбалармен расталды. 2021/2022 оқу жылындағы пәндер бойынша сабақтардың тақырыптары сол жылғы қаңтар оқиғасына байланысты толық орындалмаған. 2022/2023 оқу жылында апталық 36 сағатпен оқу процесі ұйымдастырылған. Вариативтік бөлімнен алынған курстар кестесі бекітіліп, сабақтан тыс уақытта ұйымдастырылған.

Оқу-ағарту министрінің 03.08.2022 жылғы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» №348 бұйрығына 2-қосымшасының 29-тармағы, 3-қосымшасының 41-тармағы (Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты), 4-қосымшасының 31-тармағы (Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты), Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 08.11.2012 жылғы №500 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларының» 1, 6,86 қосымшалары талаптары орындалып тұр.

4.12.Сыныптарды топтарға бөлуге қойылатын талаптар, оның ішінде инклюзивті білім беру шеңберінде ерекше білім беру қажеттілігі бар білімалушылардың ерекшелігін ескеруде, мектеп шағын жинақты мектеп болғандықтан бала санының 20 – дан аздығына байланысты ҚР Оқу-ағарту министрінің 03.08.2022 жылғы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» №348 бұйрығына 2-қосымшасының 30-тармағы, 3-қосымшасының 43-тармағы (Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты), 4-қосымшасының 33-тармағы (Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты) талаптары бойынша топтарға бөлу іске асырылмайды. Тек 3-қосымшасының 43-тармағы «Білім беру ұйымдарында көркем еңбек бойынша сыныптың толымдылығына қарамастан ұлдар мен қыздарға сыныпты екі топқа бөлінеді». 2-қосымшасының 31-тармағы инклюзивті білім беру шеңберінде 30-тармақта көрсетілген пәндер бойынша сыныпты топтарға бөлу әрбір ерекше білім беру қажеттілігі бар балаға сынып толымдылығындағы білім алушылардың жалпы санын үшке кеміту есебінен жүзеге асырылуы да бала саны аздығына байланысты іске асырылмайды.

2021-2022	2022-2023	2023-2024
-----------	-----------	-----------

11-сынып комплект бар.Орташа толымдылық 6/18	11 сынып комплект бар.Орташа толымдылық 4/18	11 сынып комплект бар.Орташа толымдылық 3/19
--	--	--

4.13.Оқу мерзіміне өлшемшарттар: тиісті деңгейдегі жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын игеру мерзімдеріне қойылатын талаптардың орындалысында ҚР Оқу-ағарту министрінің 03.08.2022 жылғы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» №348 бұйрығына 2-қосымшасының 46-тармағы, 3-қосымшасының 62-тармағы (Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты), 4-қосымшасының 56-тармағы (Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты) талаптары сақталып отыр. Оқу жылы бойында «Bilimal» электронды мектеп автоматтандырылған басқару жүйесі арқылы білім алушылардың қозғалысы туралы бұйрықтарды /қабылдау, ауыстыру / талдау нәтижелері және Ұлттық білім беру деректер қорынан алынған мәліметтермен салыстыру барысында бағаланатын кезең аралығында білім алушылардың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын игеру мерзімдеріне қойылатын талаптары сақталғанын көрсетті. Мектептің педагогикалық кеңес хаттамаларында әр оқу жылының сыныптан-сыныпқа көшіру хаттамалары жазылып, оқушылар құрамы туралы бұйрықтар шығарылып отырған. 10 сыныпқа, 1 сыныпқа қабылдау талапқа сай жүрген. Негізге орта мектепті бітіру, жалпы орта мектепті бітіру құжаттары тапсырылған.

4.14. Сыныптар бойынша оқу жылының ұзақтығы және күнтізбелік жылдағы демалыс уақытының талаптарын сақтау ҚР Оқу-ағарту министрінің 03.08.2022 жылғы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» №348 бұйрығына 2-қосымшасының 47-48-49 тармағы (бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты), 3-қосымшасының 63, 64-тармақтары (Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты), 4-қосымшасының 57, 58-тармақтары (Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты) талаптарына сай жүреді. Әр оқу жылының ұзақтығы мен каникул күндерін белгілеуде ҚР Оқу-ағарту министрлігінің оқу жылын бастау туралы бұйрығымен іске асып отырады. :«Bilimal» электронды мектеп автоматтандырылған басқару жүйесі арқылы электрондық сынып журналдарын зерделеу барысында бағаланатын кезең аралығындағы жұмыс оқу жоспарларында көрсетілген білім алушылардың әр деңгейі бойынша оқу жылы ұзақтығының оқу аптасының үлгілік оқу жоспарында белгіленген оқу аптасының ұзақтығына, сынып журналындағы жазбаларда көрсетілген күндердің жалпыға міндетті білім беру стандартының негізгі орта және жалпы орта білім беру деңгейінде анықталған каникул күндерімен сәйкес келетіні анықталды. Каникулдар оқу жылында үш рет – күзде, қыста және көктемде беріледі. 1-сыныптың білім

алушылары үшін үшінші тоқсанда ұзақтығы бір апта болатын қосымша каникул уақыты беріледі.

5- БӨЛІМ.ОҚУ-МАТЕРИАЛДЫҚ АКТИВТЕР

5.1.Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, білім беру мазмұнына өлшемшарттар:

Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беретін ұйымдардың білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарына және растайтын құжаттар тізбесіне сәйкесті мектеп Қарағанды облысының Қарқаралы ауданының білім бөлімі Бесоба ауылының №8 тірек мектебі (РО) коммуналдық мемлекеттік мекемесі Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы, Бесоба ауылының Қапан Сатыбалдин 10 көшесіндегі мекен жайында орналасқан.

Ғимарат түрі - стандартты, іргетас – қиыршық бетон, қабырғалар - кірпіш, төбе – темірбетон тақтасы, шатыр - гофрленген қаңылтыр, еден - ағаш, линолеум, терезе ойықтары - екі қабатты терезелер, есіктер - ағаш. Типтік жоба. Құрылыс жылы: 1978 жыл. Жобалық қуаты – 465 орын.

Жалпы ауданы – 3 393,4 ш.м, пайдалы алаңы – 2 332 ш.м.

Құқықтық және құрылтай құжаттары

Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтама Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Қарағанды облысы Әділет департаментінің Қарқаралы ауданының Әділет басқармасы 2021 жылғы 20 қаңтарда берілді

<https://cloud.mail.ru/public/pgqR/KzBf6SKGC>

Жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар (ауыртпалықтар) және оның техникалық сипаттамалары туралы анықтама бар. Білім беру ұйымының меншікті не шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару не сенімгерлік басқару құқығында тиесілі материалдық активтердің болуын растайтын құжат, атап айтқанда жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар (ауыртпалықтар) және оның техникалық сипаттамалары туралы анықтама бар, яғни мектептің меншікті не шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару не сенімгерлік басқару құқығында тиесілі материалдық активтері бар.

<https://cloud.mail.ru/public/3uU8/aZNHYxphr>

Жылжымайтын мүлік түрі	Кадастрлық нөмірі	Нысаналы мақсаты (жоспар б-шалитер)	Мекен-жай, тіркеу коды (бар болған жағдайда)	Құрауыштар саны	Қабаттар саны	Жалпы ауданы, көлемі, ұзындығы	Ауданы			Бөлінуі (ЖУ)	Ескерту
							Тұрғын	Негізгі	Пайдаланы		

КМ М	09; 113; 003; 415; :1/А	Мект еп	Қарағанды обл. Қарқаралы ауд. Бесоба а.о Қ.Сатыбалд ин көш. 10 құр. МТКО20130 0213269503	1	3	3 393 ,4 м ²	23 32 м ²		233 2 м ²		
---------	----------------------------------	------------	---	---	---	----------------------------	----------------------------	--	-------------------------	--	--

Мектеп жарғысы : <https://cloud.mail.ru/public/72eJ/kfwRneEDz>

Мектеп жарғысы «Қарағанды облысының экономика басқармасы» ММ басшысының 2021 жылғы 08.01.№33 бұйрығымен бекітілген.

Мектептің техникалық төлқұжаты

<https://cloud.mail.ru/public/BQkx/FFGBaZZxp>

9-қосымша

<https://cloud.mail.ru/public/vtGf/vHYfahCV2>

Рұқсат етілген құжаттар

Лицензия: <https://cloud.mail.ru/public/dcoA/cPкH7TZwy>

Қарағанды облысы білім басқармасының Қарқаралы қаласының білім бөлімінің Бесоба ауылының №8 тірек мектебі (РО) КММ ұйымдық-құқықтық нысанындағы жедел басқару құқығындағы мемлекеттік кәсіпорын, жалпы ережелерді жүзеге асыратын заңды тұлға болып табылады. бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асырады.

2014 жылдан 2023 жылға дейінгі кезеңде жұмыс түрлері бойынша ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді: шатырды жөндеу, кіреберіс фойелерін жөндеу, I, II этаждарға әжетханалар мен қол жуу рақиналары орнатылды. Қазіргі уақытта 2024 жылы жылу желілерін жөндеу жұмыстары жоспарланып отыр, техникалық байқауға сәйкес ағымдағы жөндеу жұмыстарының жобалық-сметалық құжаттары әзірленді;

Бухгалтерлік есептілік деректерінен негізгі құралдардың тізбесі мектеппен бекітіліп және Қарқаралы ауданы білім бөлімімен келісілген түгендеу тізімдемесі.

Инвентарлық тізімдеме.

<https://cloud.mail.ru/public/hwNe/QqdPpg6cj>

Бесоба ауылының №8 тірек мектебі (РО) КММ жалпы ауданы 3 393,4 га дербес жер телімінде орналасқан. Мектеп алаңында қоршалған баскетбол алаңы, волейбол алаңы, спорт алаңдары бар. Аумақты абаттандыру көгалдандыру, ағаштар, бұталар, гүлзарлар отырғызу арқылы жүзеге асырылады. Мектеп кірпіштен жасалған ғимараты үш қабаттан тұрады: оқу корпусы, спорт залы және акт залы, жалпы ауданы 3 393,4 шаршы метр, пайдалы алаңы 2 332 ш.м. Барлығы 20 оқу кабинеті, 8 дәретқана, 6 қол жуатын бөлмесі бар

Бастауыш сынып кабинеттері (2 дана) ауданы – 51,6 ш.м. және 50,4 ш.м; мектепке дейінгі дайындық кабинеті - (1 дана) – 35,4 ш.м; көркем еңбек кабинеті - (1 дана) 15 ш.м, шеберхана кабинеті (1 дана) – 68,4 ш.м; бейнелеу өнері кабинеті (1 дана) –26,7 ш.м; спорт зал (1 дана) – 150 ш.м; тарих кабинеттері (1 дана) –36,2 ш.м; музыка бөлмесі – (1 дана) 122,9 ш.м, интеллектуалдық ойын бөлмесі (1 дана) – 25,9 ш.м; математика кабинеті (1 дана) – 50,2 ш.м; информатика кабинеті (1 дана) – 52 ш.м; физика кабинеті - 70,0 ш.м;+ зертханасы (1 дана) – 14.6 ш.м; қазақ тілі (1 дана) – 51,3 ш.м; психологиялық қызмет кабинеті- (1 дана) 21,4 ш.м, өлкетану кабинеті – (1 дана) 64 ш.м; биология кабинеті -71 ш.м+зертханасы (1 дана) – 15.4 ш.м; география кабинеті (1 дана) –71,1 ш.м; алғашқы әскери дайындық кабинеті (1 дана) – 50,8 ш.м + сақтау бөлмесі –12 ш.м химия кабинеті -69.7 ш.м+зертханасы (1 дана) – 15.4 ш.м, орыс тілі мен әдебиеті (1 дана) – 51,7 ш.м; шетел70,0 ш.м; тілі кабинеттері (1 дана) – 51,7 ш.м; зертхана. ассистенттер (3 дана) – 46,06 ш.м, кітапхана/оқу залы (1 дана) – 34,5 ш.м, екпе кабинеті – 51,8 ш.м, асхана – 148 ш.м, акт залы – 122 ш.м. Шағын орталық кабинеттері (2 дана) – 50,4 ш.м. және 51,6 ш.м; жатын бөлмесі – 48,1 ш.м.

ҚР Оқу – ағарту министрлігінің 2022 ж.31тамыздағы «Тиісті типтердегі және мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» №385 бұйрықтарға сәйкес пәндік кабинеттермен, зертханалармен, спорт залдарымен жабдықталған.

Физика, химия, биология пәндері бойынша оқу-зертханалық жабдықталу көрсеткіші- «Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы»Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығымен сәйкестілігі– физика кабинеті 96% ды, биология кабинеті - 95%-ды, химия кабинеті -97% -ды құрады.

Мектеп қолданыстағы санитарлық нормалар мен өрт қауіпсіздігі талаптарына сәйкес келеді. № ҚР ДСМ-76-бұйрықпен бекітілген ауыз су бұрқақтары бар. (аталған талап 31.01.2023 жылдан бастап күшіне енгізілген); Сумен жабдықтау- орталықтандырылған, ыстық сумен қамтамасыз етілген, канализация - 3, мектептің жылуы сыртта орналасқан от жағу қазандығына қосылған.

Мектеп ғимараты ыстық және суық сумен қамтамасыз етілген. Үй-жайларды жабдықтау деңгейі білім беру ұйымдарына қажетті нормалар мен стандарттарға сәйкес келеді.

2021-2023 жылдар аралығында мектептің материалдық-техникалық базасы тұрақты негізде нығайтылуда. Осы уақыт ішінде мыналар: қоғамдық тамақтандыру бөліміне құрал-жабдықтар, биология-1, физика-1, химия-1 кабинеттері жабдықталды.

Негізгі функцияларын орындау және қауіпсіздік режимін сақтау үшін шеберханаларда қауіпсіздік ережелері сақталған.

Бірінші қабатта технологиялық және көркем еңбек кабинеттері орналасқан.

Дене шынықтыру спорт залы бірінші қабатта орналасқан 2 киіну бөлмесі, 1 жаттығу залы бар арнайы бөлінген спорт залында өткізіледі. Дене шынықтыру бағдарламасын жүзеге асыру үшін белгілі бір мөлшерде спорттық құрал-жабдықтар мен жабдықтар бар. Мектеп алаңында 1 спорт алаңы бар: баскетбол алаңы, волейбол алаңы, спорт кешендері бар ойын алаңы.

"Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің террористік тұрғыдан осал объектілерді және білім және ғылым саласындағы қызметті жүзеге асыратын террористік тұрғыдан осал объектілерді терроризмге қарсы қорғауды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" ҚР Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 30 наурыздағы № 117 бұйрығымен және Қарағанды облысының білім басқармасының 2023 жылғы 16 ақпандағы № 91 бұйрығына сәйкес іс-әрекеттер алгоритмі әзірленіп, бекітілді.

Мемлекеттік білім беру ұйымдары үшін №32 және №49 бұйрықтарға сәйкес білім беру ұйымдарының үй-жайларында және (немесе) іргелес аумақтарында бейнебақылаудың болуы талапқа сай. 16 бейнебақылау камерасы (6 сыртқы камера және 10 ішкі бақылау камерасы) бар бейнебақылау жүйесі бар.

Бейнебақылау келісім шарты <https://cloud.mail.ru/public/5Xcw/9csA3HCY8>

Қауіпсіз жағдайларды жасау үшін кіруді басқару және басқару жүйесі бар жабдықтар кешені, дауыстық хабарлауы бар өрт дабылы жүйесі бар. Дауыстық ескерту жүйесі, дүрбелең түймесі орнатылған.

Ғимаратқа кіретін жолдар өрт қауіпсіздігінің барлық талаптарына сай келеді. Жұмыс істейтін өрт дабылы жүйесі және автоматты өрт және апаттық хабарлау жүйесі, дауыстық хабарлау және төтенше жағдайда дабыл түймесі бар.

Төтенше жағдайлар тәртібі және орындалуы.Тексеру нәтижелері туралы акт
Дабыл түймесі туралы келісім шарт
<https://cloud.mail.ru/public/Zswg/nFwt6mBb1>

Төтенше жағдайлар нәтижесі туралы акт
<https://cloud.mail.ru/public/cbEz/324yaKZsG>

Санитарлық-эпидемиологиялық қорытынды
<https://cloud.mail.ru/public/vfhX/RGHeoM7GC>

Ғимарат жабдықталған медициналық пунктпен қамтамасыз етілген.ҚР Денсаулық сақтау министрінің «Білім беру ұйымдарының білім алушылары және тәрбиеленушілеріне медициналық қызмет көрсету қағидаларын бекіту туралы» 07.04.2017 жылғы № 141 бұйрығына сәйкес медициналық қызметке лицензия бар және балаларға медициналық қызмет көрсету құқығымен медициналық қызметке лицензиясы бар денсаулық сақтау ұйымымен шарт жасалған..

Бірінші қабаттағы лицензиясы бар медициналық пункт (2021 жылғы 2 ақпандағы № 21009655 лицензия) алаңы 51,8 ш.м, екі бөлмеден тұрады: қабылдау бөлмесі мен емдеу бөлмесі. Медициналық қызмет көрсету және емдеу кабинеттері қажетті құрал-жабдықтармен (тоназытқыш, кушетка, медициналық үстелдер, шкаф) жабдықталған. Медициналық пункт

санитарлық-гигиеналық нормаларға сай жиһаздармен, дәрі-дәрмекпен және құрал-жабдықтармен жабдықталған, балаларға медициналық қызмет жүзеге асырады.

10 қосымша

<https://cloud.mail.ru/public/MiiD/hYgf7eobD>

Мемлекеттік қызмет көрсету келісім шарты және медициналық қызметке лицензия

<https://cloud.mail.ru/public/urbr/3mZa9Rynz>

Медициналық қызметкердің сертификаты

<https://cloud.mail.ru/public/zp98/YpBoyty4L>

Edu.kz аймақта үшінші деңгейдегі домендік атаудың болуы туралы мәліметі, келісім шарты

<http://bosobamektep-8.edu.kz/>.

Домен. Қызмет көрсету келісім шарты

<https://cloud.mail.ru/public/jSbh/5mCXU3QRC>

Жеке пайдалануға арналған жабдықталған шкафтардың болуы туралы мәлімет:

Бастауыш сыныптағы білімалушылар саны	1- ауысым	2- ауысым
53	31	22
Жеке пайдалануға арналған шкаф саны	31	

Ерекше білім беру қажеттілігі бар адамдар үшін жағдайлардың болуы туралы мәліметтер №6 бұйрықпен бекітілген ғимараттарда ерекше білім беруді қажет ететін адамдар (балалар) үшін жағдайлар жасау (пандус, есіктер мен баспалдақтарды контрастты бояумен бояу) іске асырылған.

Ұлттық білім беру деректер қорынан алынған мәліметтерге сәйкес ерекше білім бер қажеттіліктері бар адамдар үшін кіре беріске екі жағынан тұтқалар бар пандус орнатылған, баспалдақтың бірінші және соңғы сатыларының контраст түстермен боялар, сынып бөлмелерінде қажетті сандарда балдақтарға арналған ілмектер мен тұтқалар бар .

Санитарлық ережелер мен нормаларға сәйкес келетін тамақтану объекті-асхана жұмыс жасайды.Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру деңгейлері үшін: Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті органның санитариялық-эпидемиологиялық қорытындысы немесе № ҚР ДСМ-76 бұйрыққа сәйкес бекітілген білім алушыларды тамақпен қамтамасыз етуге арналған шарт негізінде ғимараттарда (оқу корпусарында) білім алушыларға арналған тамақтандыру объекті бар. 40 орындық асхана бар, ол қажетті жиһазбен және жабдықтармен қамтамасыз етілген, бұл 11-қосымшаның және ҰБДБ базасының мәліметтерімен расталған. Тамақтандыру объектісінің санитарлық эпидемиологиялық сәйкестігі туралы халықтың санитариялық-

эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті органның №KZ32YWF00042262 санитариялық-эпидемиологиялық қорытындысы 06.03.2021 ж. берілген. ИП Курумбаева А.С. ЖСН

11 қосымша

<https://cloud.mail.ru/public/y1dR/GT4sjKd9i>

Асхана.Қызмет көрсету келісім шарты

<https://cloud.mail.ru/public/hk96/wvXyPqq8A>

Санитарлық-эпидемиологиялық қорытынды

<https://cloud.mail.ru/public/4kT6/J2zfXTZua>

6 БӨЛІМ. АҚПАРАТТЫҚ РЕСУРСТАР ЖӘНЕ КІТАПХАНАЛЫҚ ҚОР

Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, білім беру мазмұнына өлшемшарттар:

6.1.Бастауыш,негізгі орта, жалпы орта білім беретін ұйымдардың білім қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкесті растайтын құжаттар тізбесін сақтау бойынша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 19 қаңтардағы № 44 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік білім беру ұйымдарының кітапханалар қорын қалыптастыру, пайдалану және сақтау жөніндегі қағидаларына сәйкес кітапхана қоры бар. Оқулықтар мен кітап қорын пайдалануда ҚР Оқу-ағарту министрінің 03.08.2022 жылғы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» №348 бұйрығына 2-қосымшасының 27-тармағы (Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты), 3-қосымшаның 39-тармағы (Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты), 4-қосымшасының 29 тармағына(Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты) сақталады.

Кітапхана – оқушылардың сапалы білімінің кепілі.Осыған байланысты оқушылардың қабілеттерін, жеке ерекшеліктерін бейімділіктерін ескере отырып, олардың танымдық, ұлттық құндылықтарын, тәжірибелік іс-әрекеттерін арттыру мақсатында кітапханадағы жұмыстар ата –ана, ұстаздар ұжымымен тығыз байланыста жүргізіледі. Білім беру ұйымындағы кітапхана – мектептің білім беру саласындағы мәдени, ақпараттық, ағартушылық және тәрбиелеу орталығы болуы керек.

Кітапханалық қызмет мектеп кітапханасының жұмысын реттейтін құжаттарға сәйкес жүзеге асырылады: «Білім туралы» Заң, «Білім беру кітапханасы туралы ереже», «Кітапхананы пайдалану ережелері», Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 17 маусымдағы №391 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беретін ұйымның білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесі;

"Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтар тізбесін бекіту туралы" ҚР БҒМ 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрығы, 2023 жылғы 3 тамыздағы №246 өзгерістер енгізілді, "Мемлекеттік білім беру ұйымдары кітапханаларының қорын қалыптастыру, пайдалану және сақтау жөніндегі қағидаларды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 19.01.2016 жылғы № 44 бұйрығына 07.08.2023 №250 өзгерістер енгізілді.

"Мемлекеттік білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілерін оқулықтармен және оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы №91 бұйрықтары 03.07.2023 ж. түзетулермен № 194

